



ЖАҢА ДӘУІРГЕ БЕТБҰРЫС

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №69 (6631) 1 тамыз, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



12+

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖАЛҒАСАДЫ



Шаһар басшысы Дархан Сатыбалды жұмыс сапарымен Түрксіб ауданына барып, «Жас қанат» шағынауданындағы абаттандыру жұмыстарының барысын тексеріп, аумақ тұрғындарымен кездесті.

Шағынаудан тұрғындарының өтініші бойынша тұрғын үй кешені аумағында заманауи балалар ойын алаңы мен түрлі ойын және спорттық жабдықтар орнатылды. Сондай-ақ, кең футбол алаңы салынды. Бұған қоса, жоба аясында жастар мен ересектерге арналған демалыс аймағы жасақталып, жаяу жүргіншілер жолдары төселіп, орындықтар мен демалыс орындары қойылды.

«Өткен жолы өздеріңіз мұнда «ойнайтын, демалатын орын жоқ» деп айтқан едіңіздер. Балалар да келіп, ойын алаңын сұраған еді. Айта кетейін, бұл құрылысқа бюджет қаржысы жұмсалған жоқ. Жоба кәсіпкерлердің қолдауымен жүзеге асты», – деді қала әкімі.

«Жас қанат» ТҮК тұрғындары атқарылған жұмысқа ризашылықтарын білдірді: «балалар алаңын салу кезінде барлық ұсыныстарымыз бен ескертулеріміз ескерілді. Енді балаларымыз асыр салып ойнап, футболмен айналысып жүр. Бізге бәрі ұнайды!», – деген олар қала басшысына сапалы абаттандыру жұмыстары үшін, ойын және футбол алаңдары үшін алғыс айтты.

4

АЗАТТЫҒЫМЫЗДЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Қазақстан Республикасының Конституциясына – 30 жыл!

Алматыда Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы қарсаңында «Тиімді Парламент: азаматтардың конституциялық құқықтары» атты «дөңгелек үстел» өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Іс-шараны Алматы қаласының Қоғамдық даму басқармасы ұйымдастырды. Талқылауға қалалық мәслихат депутаттары, заңгерлер, тарихшылар, оқытушылар, сарапшылар және қаланың белсенді жастары қатысты.

Алқалы жиынды Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков ашып, жүргізіп отырды. Шараға қатысушыларды Ата Заңның алда келе жатқан мерейлі белесімен құттықтаған спикер күшті және әділ мемлекет құрудағы Конституцияның маңыздылығын атап өтті. «Конституция – біздің тәуелсіздігіміздің іргетасы, әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қайнар көзі. Осыдан дәл 30 жыл бұрын біз демократиялық, құқықтық және зайырлы мемлекеттің пайдасына таңдау жасадық. Бүгінгі таңда осы жолды жалғастыра отырып, конституциялық нормаларға құрметпен қарау,




құқықтық мәдениетті қалыптастыру және жауапты ұрпақты тәрбиелеу маңызды», – деді Айдар Есенбеков.

Тарих және этнология институтының этнология және антропология бөлімінің меңгерушісі Ақсұңқар Абдулина Конституцияның тарихи және мәдени құбылыс ретіндегі маңызына тоқталса, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Жобаларды басқару институтының (Project Management Institute)

мүшесі Алексей Цехов Конституция көпұлтты қоғамдағы бірліктің басты құралы екенін, Парламент тепе-теңдікті сақтауда, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратынын атап өтті. «Дөңгелек үстел» қорытындысы бойынша құқықтық ағартуға, билік органдары мен халық арасындағы диалогқа, сондай-ақ жастарды заңнамалық және қоғамдық бастамаларға тартуға қатысты ұсыныстар әзірленді.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

Стратегиялық серіктестік:

ЖАҢА ДӘУІРГЕ БЕТБҰРЫС

Қазақ-түрік қарым-қатынастарына тың серпін беретін тарихи құжат қабылданды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркияға ресми сапары Қазақстан-Түркия ынтымақтастығын сапалық жаңа деңгейге көтерген, саяси және экономикалық тұрғыда салмақты мазмұнға ие маңызды оқиға болды.

«ЕКІНШІ ОТАНЫҢЫЗҒА
ҚОШ КЕЛДІҢІЗ!»

Анкарадағы Президент сарайында өткен келіссөз бен Қазақстан-Түркия Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 5-ші отырысы – екі ел қарым-қатынасына, сенімді әріптестікке негізделген жаңа бетбұрысқа жол ашты. Президенттер қазақ-түрік стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайту перспективасын, өзара сауда-саттық көлемін ұлғайту мәселесін талқылады. Кездесуде екіжақты сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға баса мән берілді.

Ерекше айта кетерлік жәйт, «Есенбоға» әуежайында Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанның Мемлекет басшысын жеке өзі қарсы алуы, мәртебелі мейманына шын пейілімен: «Екінші Отаныңызға қош келдіңіз!» деп ілтипат білдіруі, қазақтың ұлы ойшылы, кемеңгер Абай Құнанбайұлының дүниеге келгеніне 180 жыл толуымен құттықтауы – түрік тарапының Қазақ елі мен оның көшбасшысына деген ерекше ықыласын айғақтаған сәт болды.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН
ӘРҚАШАН МАҚТАН ТҰТАМЫЗ»

Режеп Тайип Ердоған Қазақстан Президентін Түркия Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Devlet Nişanı» орденімен марапаттады.

«Қымбатты бауырым Қасым-Жомарт Тоқаевтың сындарлы басшылығымен Қазақстан өз аймағындағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың мекеніне айналды. Қазақстанның жетістіктерін біз әрқашан мақтан тұтамыз. Сондай-ақ, Қазақстанның Түркі мемлекеттері ұйымын институттандыруға қосқан үлесін жоғары бағалаймын. Түркия мен түрік халқының досы екеніңізді бірнеше мәрте көрсеттіңіз. Осы орайда мен Сізге Түркия Республикасының ең жоғары марапатын табыстауды үлкен мәртебе деп санаймын. Біздің мемлекеттік орденімізді елдеріміз арасындағы мызғымас достықтың символы ретінде қабылдайсыз деп сенемін», – деді Түркия Президенті.

ОРТАҚ ҰСТАНЫМ,
САПАЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

Ресми сапардың басты мазмұнына келсек, алқалы жиын барысында Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік-логистикалық және энергетикалық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері жан-жақты талқыланды. Ең бастысы, былтырғы 5 миллиард АҚШ долларына жеткен өзара тауар айналымын бірнеше есеге арттыру туралы ортақ ұстаным бар. Ел Президенті атап өткендей, Қазақстан Түркия нарығына 1 миллиард долларға жуықтайтын 34 түрлі өнімді жеткізуге дайын. Бұл – тек сандық қана емес, сапалық әлеуетті де аңғартатын



көрсеткіш.

Тараптар тауар айналымын ұлғайту жолында көлік-логистика саласының маңызы айрықша екенін атап өтті. Мемлекет басшысы Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуға баса мән беріліп отырғанын жеткізіп, Қазақстанның заманауи теміржол, құрлықтағы порттар мен жүк терминалдарын салуға және кеме өндірісіне түрік инвестициясын тартуға мүдделі екенін мәлімдеді. Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін қолға алынған реформалар шетелдік кәсіпкерлерге мол мүмкіндік бермек. Еліміз ашық әрі сенімді серіктес ретінде түрік инвесторларын қолдауға әрқашан дайын. Демек, Транскаспий халықаралық көлік дәлізін (Орта дәліз) дамыту мәселесі өзектілігін жоғалтқан жоқ. Екі елдің Еуропа мен Азия арасындағы транзиттік мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, көлік-логистика саласында жаңа серпінге қол жеткізетіні анық. Қазақ басшысы бұл бағытта түрік инвесторларын теміржол, құрлықтағы порттар мен кеме өндірісіне қатысуға шақырды.

СЕНІМДІ ӘРІПТЕСТІК

Сапар аясындағы тағы бір маңызды тақырып – энергетикалық ықпалдастық. Екі ел басшылары Баку – Тбилиси – Жейхан құбыры арқылы экспортталатын қазақ мұнайының көлемін арттыру мәселесіне айрықша маңыз беріп отырғанын айтқан жөн. Қазақстан мен «Turkiye Petroleum» арасындағы әріптестік жаңа жобаларды жүзеге асыруда стратегиялық мәнге ие болмақ. Қасым-Жомарт Тоқаев түрік компанияларын энергия тапшылығын жоюға бағытталған жобаларға қатысуға шақырды. Әсіресе, «ҚазМұнайГаз» бен Turkiye Petroleum арасындағы ынтымақтастықтың нәтижелі болатынына сенім білдірді.

• Баку – Тбилиси – Жейхан құбыры арқылы жылына 1,4 миллион тонна қазақ мұнайы Түркияға тасымалданады.

Екі елдің қорғаныс өнеркәсібі, ақпараттық технология, жасанды интеллект, қаржы, азаматтық авиация, мәдениет, білім, денсаулық сақтау және туризм салаларында ынтымақтастықты терең-

детуге мүдделілігі жоғары болғандықтан осы бағдарлардың перспективасы жөнінде егжей-тегжейлі пікір алмасылды. Бұл бағытта Қазақстан Түркияның озық тәжірибесіне сүйенуге, ал түрік тарапы – қазақстандық нарықтағы әлеуетті мүмкіндіктерді игеруге ниетті.

МАҢЫЗДЫ БАҒЫТ

Ауыл шаруашылығы саласы – екіжақты экономикалық қатынастардың тағы бір маңызды бағыты. Қазақстанда өндірілетін дәнді-дақылдың төрттен бірі, мақтаның үштен бір бөлігі, дән желімшесінің (клейковина) 26%-ы Түркияға экспортталады екен. Бұлар – Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Демек, агросаладағы ынтымақтастық келешегі зор деген сөз. Қазақстанда түрік кәсіпкерлерінің қатысуымен жүзеге асырылып жатқан 1,3 миллиард доллар көлеміндегі 23 инвестициялық жобаның өзі бұл саланың болашағына деген зор сенімді көрсетсе керек.

• Елімізде 4 мыңға жуық түрік компаниясы жұмыс істейді. Олармен құны 6 миллиард доллар болатын бірқатар бірлескен жоба жүзеге асырылған. Бұл жобалар энергетика, құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым, медицина, туризм секілді маңызды салаларды қамтиды. Қазақстанның Түркияға салған инвестициясының көлемі 2,5 миллиард доллардан асты.

• Қазір Еуропа мен Қытай арасында құрлық жолымен тасымалданатын жүктің шамамен, 85%-ы Қазақстан арқылы өтеді. Осы ретте Транскаспий халықаралық көлік бағдарын, яғни «Орта дәлізді» дамытудың мән-маңызы зор. Бұл – екі елдің мүддесіне сай келетін бастама.

• Бүгінде 12 мыңнан астам қазақстандық студент Түркияда, ал 300 түрік студенті Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алуда.

Президенттер назарынан білім мен медицина, мәдениет пен туризм саласындағы жобалар да тыс қалмады.

«Маариф» қоры мектептерінің алдағы уақытта Алматы мен Астанада ашылатыны, Түркияның алдыңғы қатарлы университеттерінің филиалдарын ашу бастамасы – білім беру саласындағы өзара ықпалдастықты кеңейте, нығайта түсетіні анық. Ал түрік азаматтарына Қазақстан аумағында 90 күнге дейін визасыз жүруге рұқсат беру – туризм мен кәсіпкерлікті дамытуға нақты серпін беретін шешім.

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН
ҚАУІПСІЗДІК МҮДДЕСІ

Тараптар келіссөз аясында әлемдік геосаяси ахуалға қатысты ұстанымдардың ортақ екенін тағы бір мәрте зерделеді. Қос мемлекет басшысы қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуді қолдап, халықаралық ұйымдар шеңберіндегі реформалар мен ынтымақтастықты терендетуге мүдделілік білдірді. Аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздік мүддесі Қазақстан мен Түркия ынтымақтастығын бүкіл түркі дүниесінің болашағына әсер ететін факторға айналдырары хақ. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған жүргізген келіссөздердің нәтижесінде, Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің бесінші отырысының қорытындысы бойынша қабылданған Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы бірлескен декларация, Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің бесінші отырысының шешімі, сондай-ақ, 18 үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттар – осы мақсаттағы стратегиялық серіктестікті жүйелі түрде дамытуға бағытталған нақты қадамдар болмақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркияға ресми сапары – қазақ-түрік қатынастарын кешенді жаңа деңгейге көтерген тарихи сәт ретінде есте қалды. Бұл Қазақ елінің экономикалық, саяси, мәдени және геосаяси кеңістіктерде стратегиялық серіктестікті дамытуға тағы бір батыл батыл қадамы дер едік.

Төрехан ДАНИЯРОВ.
(Дереккөз: www.akorda.kz)



ГЕОСАЯСАТ

«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ» саммитінен не күтеміз?

23 шілдеде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасының президенті Ли Чжэ Мёнмен телефон арқылы сөйлесті. Қазақстан Президенті сайлауда жеңіске жеткен Ли Чжэ Мёнмен алғаш рет байланыс орнатты. Әңгімелесу барысында Ли Чжэ Мён Қасым-Жомарт Тоқаевты Корея Республикасына ресми сапармен келуге шақырды. 2026 жылы Сеулде өтетін «Орталық Азия – Корея Республикасы» форматындағы саммит аясында Қазақстан Президентінің ресми сапары ұйымдастырылмақ. Мұндай форматтағы саммит алғаш рет өтеді. Мақалада осы форматтың аймаққа маңыздылығы және Корея Республикасының стратегиялық рөлі талданады.

АСТАНА «ОА+» ФОРМАТЫНА ЕРЕКШЕ МӘН БЕРУДЕ

2022 жылдан бері әлемде жүріп жатқан геосаяси және санкциялық текетірес, сондай-ақ жаппай қарулану үдерісі Орталық Азия аймағына алпауыт елдердің қызығушылығын оятты. Аймақ елдері ұлттық мүддені ескере отырып бұл тенденцияны қолдап келеді. «ОА+ЕО», «ОА+Қытай», «ОА+АҚШ», «ОА+Германия», «ОА+Италия» форматтарында саммиттер өтті. Аймақ елдері осындай форматтағы кездесулер арқылы көпжақты дипломатияны нығайтып келеді. Енді бұл қатарға Корея Республикасы да қосылмақ.

Астана сыртқы саясатта «ОА+» форматына ерекше мән беруде. Осы форматта диалог орнату арқылы 2020 жылы қабылданған Сыртқы саяси тұжырымдаманың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруда. Атап өтер болсақ, «ОА+» форматы мынадай сыртқы саяси мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажет:

- Сыртқы саяси дербестікті сақтау. Сыртқы саяси бағыттарды диверсификациялау тәуекелдерді болдырмай көпжақты байланысты сақтау үшін қажет. Бұл елдің саяси дербес шешім қабылдауын қамтамасыз етеді.
- Орталық Азия аймағында көшбасшылықты нығайту және аймақтың мүддесін ілгерілету. Қазақстан өзін Орталық Азияның көшбасшысы ретінде есептейді. Аймақ басшыларының консультативті кеңесі, «ОА+» форматы мен БҰҰ мінберінде көшбасшы ретінде Орталық Азияның мүддесін ілгерілетіп келеді.

Сондай-ақ, Астана мұнымен тоқтап қалмай, форматты кеңейтуге қадамдар жасауда. Мысалы, 6 маусымда Нью-Делиде «ОА – Үндістан» сыртқы саяси ведомство басшыларының төртінші кездесуі өтті. Кездесуде тараптар сауда-экономикалық әріптестікті нығайтуға уағдаласқан. Қала берді, биыл жыл соңына дейін «ОА+Үндістан» форматындағы екінші саммитке дайындық барысы талқыланды. Алғашқы саммит 2022 жылы өткен еді. Содан бері 3 жыл өтті. Сыртқы саяси ведомство басшыларының кездесулері әріптестікті қайта жандандыруға әсер еткен секілді.

АЙМАҚҚА НЕСІМЕН МАҢЫЗДЫ?

Көпжақты диалог жүзеге асуы үшін ол бәріне тиімді болуы тиіс. Сонда ғана байланыс нығаяды. Бұл тұрғыда Орталық Азия елдері үшін Корея Республикасымен байланыс орнату тиімді. Тек геостратегиялық емес, сауда-экономикалық байланыс үшін қажет. Кореямен сауда-экономикалық байланыс бағытында Қазақстан мен Өзбекстанның үлесі басым.

2024 жылғы дерекке сүйенсек, Қазақстанның импорт бойынша негізгі сауда әріптестеріне Корея Республикасы кірген. Сеулдің импорттағы көлемі 3,2% құрап 5-орынға тұрақтаған. Осылайша 5 мемлекетке Ресей, Қытай, Германия, АҚШ және Корея Республикасы кіреді. Ал Кореяға экспорт көлемі 1,5%-ы құрап, ондыққа енген.

Өткен жылғы мәлімет бойынша Корея Өзбекстанның сыртқы сауда әріптестерінің бестігіне кірген. Өзбекстан мен Кореяның сауда айналымы 2 млрд. АҚШ долларына жеткен. Аймақтың өзге елдері Кореямен сауда-экономикалық байланысы Қазақстан мен Өзбекстаннан артта.



(Дереккөз: podrobno.uz)

Дегенмен, әріптестікті нығайтуға мүмкіндіктер бар.

Бұдан бөлек, Орталық Азия елдерінің азаматтарының басым көпшілігі Кореяны еңбек миграциясы үшін таңдайды. Еңбек миграциясы әлемде кең тараған қалыпты үдеріс. Сондықтан аймақ елдері миграциялық заңнаманы реттеуге, азаматтардың Кореядағы құқықтарын қорғауға мүдделі.

КОРЕЯ АЙМАҚПЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТУҒА МҮДДЕЛІ МЕ?

Кореяның сыртқы саясатында Орталық Азия алғашқы үш бағытқа кірмейді. Себебі, географиялық тұрғыда көрші елдер емес. Дегенмен, Сеул сауда-экономикалық, тарихи-этникалық және еңбек миграциясы тұрғысынан байланыс орнатуға мүдделі. Аймақ елдерімен сыртқы сауда айналымы жыл сайын өсіп келеді. Корея үшін Орталық Азия қазір ірі нарық болмаса да, демографиялық өсімді ескереді. Бұл ұзақ мерзімді стратегиялық әріптестікті нығайтады.

Қала берді, екі жақты байланысқа тарихи-этникалық фактор да оң әсер етеді.

Кореялықтар аймақта тұратын корей этносының тарихымен таныс. Сондықтан мәдени байланысқа ашық.

Бұдан бөлек, Сеул еңбек миграциясына мүдделі. Себебі, елдегі демографиялық дағдарыс жастардың санын азайтты. Бұл экономикалық белсенді топтың көлеміне теріс әсер етуде. Бұған қоса, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының артуынан ауыр жұмыс істейтіндердің саны азайды. Осы факторлар еңбек мигранттарына қажеттілікті арттыруда.

Қорыта келе, «ОА+Корея» форматындағы диалогқа барлық тарап мүдделі екеніне көзіміз жетті. Бұл мүдделер өзара әріптестік сауда-экономикалық, мәдени және миграциялық бағыттар аясында жүзеге асуы мүмкін.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



СТАТИСТИКА

2025 жылғы 1 тамыз:

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНААҒЫ

аграрлық сектордың жай-күйі туралы шынайы және жан-жақты ақпараттың негізгі көзі

Елімізде ертең басталатын бұл санақ ауыл шаруашылығы туралы сенімді ақпаратты жинауға, өңдеуге және талдауға бағытталған ауқымды статистикалық бақылау. Ол ауыл шаруашылығының негізгі аспектілері – егіс алқаптарын, мал басын, шаруашылықтардың құрылымы мен типін, материалдық-техникалық жабдықтау деңгейін және саладағы халықтың жұмыспен қамтылуын қамтиды.

МАҢЫЗЫ НЕДЕ?

Ауыл шаруашылығы санағы – аграрлық сектордың әлеуетін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Бұл ақпарат негізделген жоспарлау, мемлекеттік ресурстарды тиімді бөлу және тұрақты агроөнеркәсіптік саясатты қалыптастыру үшін маңызды. Санақ 2025 жылы өткізіледі және ауыл шаруашылығы өндірушілерінің барлық негізгі санаттарын қамтиды: заңды тұлғалар, шаруа және



фермер қожалықтары, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және балық шаруашылығы салаларындағы қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, сондай-ақ ауылдық және қалалық жерлерде жеке қосалқы шаруашылықтар (ЖҚШ) (ауыл шаруашылығы қызметі жүйелі емес сипатта болатын республикалық маңызы бар қалалар, облыс орталықтары мен саяжай учаскелері ерекшелік болып табылады).

САНАҚ ЕКІ КЕЗЕҢДЕ ӨТЕДІ ЖӘНЕ 2025 ЖЫЛҒЫ 20 ҚАЗАНҒА ДЕЙІН ЖАЛҒАСАДЫ:

- Онлайн-кезең – 1–31 тамыз: Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және балық шаруашылығымен айналысатын барлық заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, шаруа және фермер қожалықтары қатысуы міндетті. Сауалнама sanaq.gov.kz сайтында жүргізіледі.
- Офлайн-кезең – 20 қыркүйек – 20 қазан: Онлайн-сауалнамадан өтпеген ауыл шаруашылығы субъектілерін интервьюерлер барып аралайды.

Онлайн-режимде санақтан өту үшін Алматы қаласы әкімдіктерінің ғимараттарында және Алматы қаласының Статистика департаментінде өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары ашылады. Толық ақпарат пен кеңес алу үшін 1446 нөмірі бойынша байланыс орталығына хабарласуға болады.

ды. (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін). Алматы қаласының аграрлық саласына қатысы бар барлық азаматтар санақтан өтіп, ауыл шаруашылығының дамуына өз үлесін қоса алады.

Санақтан өту үшін sanaq.gov.kz сайтына кіріп, авторизациядан өтіп, 2-АШК нысанын таңдап, сауалнаманы толтыру қажет.

Жиналған деректер аграрлық секторды қолдауға арналған тиімді шараларды әзірлеуге және оның орнықты дамуына ықпал етуге мүмкіндік береді.

Респонденттер ұсынған барлық ақпараттың құпиялылығы сақталады, деректер салық органдарына немесе өзге де мекемелерге берілмейді және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» Заңына сәйкес қорғалады.



ӘКІМ

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖАЛҒАСАДЫ



(Басы 1-бетте)

Сапар барысында қала әкімі тұрғын үй кешеніндегі өзге де аулаларды аралап көрді. Тұрғындар газ тарту, жарықтың үзіліссіз берілуі, кіреберістер мен шатырлардың жағдайы, сондай-ақ, ПИК қызметіне қатысты мәселелерді көтерді. Бұл түйткілдерді шешу үшін Алматы қаласының әкімі нақты тапсырмалар берді: «Құрылыс басқармасына коммуналдық инфрақұрылымды

дамыту басқармасымен және аудан әкімдігімен бірлесіп тұрғындармен, ПИК төрағасымен және «АлматыЭнергоСбыт» өкілдерімен ортақ жиналыс өткізіп, электрмен жабдықтау, жедел сатыларды күтіп ұстау мен басқа да коммуналдық түйткілдерді шешуді тапсырамын», – деді Дархан Сатыбалды.

Сонымен қатар, әкімнің тапсырмасымен тұрғын үй кешенінің ішкі аулаларына асфальт төселіп, жол белгілері орнатылады. Барлық жұ-

мыс тұрғындардың пікірімен ескеріле отырып жүргізіледі. Әкім тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту шараларын күшейтуді тапсырды.

Бұған қоса, Дархан Сатыбалды «Жас қанат» пен «Маяк» шағынаудандарының аумағындағы 100 гектардан асатын «Желтоқсан» паркінің абаттандырылу барысымен де танысты. Демалыс аймағына Әуежай көлінің жағалауы кіреді, жасыл желек аумағы шамамен, 23 мың шаршы метр. Саябақ аймағын күтіп-ұс-

тау және абаттандыру элементтерін қалпына келтіру бойынша мердігер ұйым анықталған.

Бүгінде саябақ аумағында суару жүйесін орнату жұмыстары жалғасып жатыр. Бұған дейін сыртқы жарықтандыру желілері мен басқару шкафтары орнатылған болатын. Қала әкімі саябақтағы жарық жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, суару жүйесін белгіленген мерзімде толық аяқтауды міндеттеді.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы саябақ:

АБАТТАНДЫРУ ЖОБАСЫ

қалалық жайлы орта қалыптастыруды көздейді

Алматы әкімдігі қалалық ортаны абаттандыруға әлеуметтік жауапты бизнесті тарту бағытында жүйелі жұмысты жалғастырып келеді.

Жоба аясында «Целинный» заманауи мәдениет орталығының жанындағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы скверді жаңарту жұмыстары басталады. Бастамаға «АТЦ-Галерея» ЖШС қолдау білдіріп, барлық жұмысты өз қаражаты есебінен қаржыландырады.

Абаттандыру жұмыстары заманауи және табиғатқа зиян келтірмейтін экологиялық әдістер арқылы жүргізілмек. Барынша табиғи ландшафт

пен қолданыстағы жасыл желек сақталып, аумақ көгалдандырылады. Жайлы жаяу жүргіншілер жолдары салынып, шағын сәулет пішіндері мен заманауи энергия үнемдейтін жарықтандыру жүйесі орнатылады. Сондай-ақ, демалысқа арналған жайлы аймақтар ұйымдастырылып, суды үнемдеп пайдалануды интеллектуалды түрде бақылайтын автоматты суару жүйесі қосылады.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы скверді абаттандыру жобасы оның тарихи маңызын сақтай отырып, таза ауада серуендеп, тынығып, емін-еркін жүздесуге жайлы орта қалыптастыруды мақсат етеді. Жоба жүзеге асқаннан кейін аумақтың экология-

лық жағдайы жақсарады: шудың және жылу жүктемесінің деңгейі төмендеп, ауа сапасы артады, табиғи тепе-теңдік сақталатын болады.



БАУМ ТОҒАЙЫ:

түйткілдер шешіледі

Алматы әкімдігі қаланың жасыл желек қорын сақтау мен дамытуға әлеуметтік жауапты бизнесті тарту бағытындағы жұмысты жүйелі түрде жалғастырып келеді. Мегаполисте ең маңызды табиғи нысандардың бірі – Баум атындағы тоғайды абаттандыру жобасы қолға алынды. Игі бастама құрылыс саласында танымал BAZIS-A компаниясының қолдауымен жүзеге асады. Компания бұл мақсатқа 4,7 млрд. теңге бөліп отыр.

Алматының «өкпесі» атанған Баум тоғайы – аумағы 137,7 гектар болатын бірегей орман алқабы. Бұл жер қаладағы сирек сақталған табиғи ландшафт пен алуан түрлі ағаш түрлерін қамтитын құнды жасыл аймақ саналады. Тоғай Алматының биоалуандығын сақтап, қолайлы микроклимат қалыптастыруда орасан рөл атқарады.

Абаттандыру жобасының мақсаты – экожүйеге зиян келтірмей, демалыс пен серуенге арналған инфрақұрылымды ұқыпты енгізу. Жұмыстар табиғи ортаға араласуды барынша азайтумен, жер бедері мен ағаштардың тамыр жүйесін және

жасыл желектің табиғи қалпын сақтай отырып жүргізілмек. Жоба аясында шағын сәулеттік пішіндер орнатылады, тыныштық пен табиғи үндестікті сақтайтын серуен жолдары мен демалыс аймақтары жасалады.

Тоғай аумағын табиғи ерекшеліктеріне қарай дұрыс аймақтарға бөлуге ерекше көңіл бөлінбек: бір бөлігі тыныш демалысқа арналса, екінші бөлігі экологиялық аймақ ретінде инфрақұрылымы шектеулі күйде қалып, табиғатты қорғау мен экологиялық ағартуға бағытталады. Мұндай тәсіл қала тұрғындарына алып шаһардың ішінде табиғатпен үйлесімді әрі ұқыпты қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

• Баум тоғайын абаттандыру қала орманын қорғау мен орнықты қала ортасын қалыптастыру жолындағы маңызды қадам болмақ. Алматы әкімдігі алдағы уақытта да әлеуметтік жауапкершілігі жоғары бизнесті қала аумағын көгалдандыруға, табиғи аймақтарды қорғауға және тұрғындардың жайлы өмір сүруіне бағытталған бастамаларға тарту жұмысын жалғастыра береді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





BRT желісі:

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТІ ДАМУ – БАСЫМ БАҒЫТ

Шаһар басшысы құрылыс жұмыстарының қарқынын арттыруды тапсырды

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған жобалармен танысып, Жібек жолы мен Райымбек батыр даңғылы бойындағы BRT (жоғары жылдамдықты автобус жүйесі) желілерінің құрылыс барысын тексерді.

Дана
САДЫРҚАН

Желтоқсан көшесінде ұзындығы 4,6 шақырым болатын BRT жолағы жолдың шет жағында болады. Бұл учаске қазіргі Тимирязев көшесіндегі BRT желісімен және Райымбек батыр даңғылында салынып жатқан желімен қосылады. Қазіргі уақытта көшеде жиектастар түзетіліп, бүлінген арық науалары ауыстырылды, жаяу жүргіншілер жолының 60%-ына тақта тастар төселді. Аумақ бойындағы асфальтбетон жамылғысы түгелдей дерлік жаңартылды.

Сондай-ақ, әкім Алматы қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаевқа атқарылып жатқан жол құрылысы жұмысын, соның

ішінде жол белгілерін сызып, тамыз айының соңына дейін аяқтауды, көгалдандыру көлемін ұлғайтуды және тротуар бойында қосымша жарық көздерін орнатуды тапсырды.

Шаһар басшысы сондай-ақ, Райымбек батыр даңғылы бойындағы BRT желісінің құрылыс барысымен де танысты. Жоба аясында арнайы жолақтар, жаңа аялдама кешендері орнатылып, даңғыл бойы «қасбеттен қасбетке

дейін» қағидаты бойынша көріктендіріледі.

Дархан Сатыбалды BRT желісін кеңейту қала инфрақұрылымын дамытуға арналған жоспарды жүзеге асырудағы негізгі бағыттардың бірі екенін атап өтті. Салаға жауапты басқарма мен мердігер ұйымдарға құрылыс жұмыстарын сапалы әрі қарқынды жүргізу жүктелді. Жобаны жүзеге асыру кезінде жаяу жүргіншілердің жайлылығы мен

қауіпсіздігіне баса назар аудару, жұмыстардың барысы мен көлік қозғалысындағы өзгерістер туралы халықты дер кезінде хабардар ету міндеттелді.

Айта кетерлігі, Райымбек батыр даңғылы бойындағы BRT жобасы көлік модельдеу нәтижелері бойынша дайындалған. Аталмыш жоба жүзеге асқаннан кейін қоғамдық көліктің орташа қозғалыс жылдамдығы 50%-дан 70%-ға дейін артпақ.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Алматыдағы көлік инфрақұрылымын жаңғырту жобалары қаланың келбетін жақсартуға, сонымен қатар экономикалық дамуға және тұрғындардың жайлы тұрмысы мен өмір сапасын арттыруға бағытталған.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Метро: уақыт үнемі – өнімділік негізі

Алматы метросының дамуы – жолаушылар легін оңтайландырып, автокөлікке деген тәуелділікті азайтып отырған тиімді көлік түрі. 2024 жылы метрополитен қызметін 19 миллионнан астам адам пайдаланған. Бұл – қала көшелеріндегі көлік кептелісін азайтып, жұмысқа жету уақытын қысқарту арқылы еңбек өнімділігін арттырады.

«Кептелістің азаюы арқылы мегаполисте жұмыс уақытының тиімділігі артады. Бұл қала экономикасына кемінде 5–7 млрд. теңге жылдық үнем береді», – дейді экономист Мақсат Аймағанбетов. Қазір қалада метрополитеннің тағы 5 станциясы салынуда. Олар халық тығыз орналасқан Наурызбай және Әуезов аудандарын қамтиды. Сарапшылар болжамы бойынша, жаңа станциялар іске қосылған соң жолаушылар ағыны 30%-ға артады.

Жеңіл рельсті көлік: логистикалық тепе-теңдік пен жаңа мүмкіндіктер

LRT (жеңіл рельсті көлік) жобасы – Алматы үшін көлік мәселесін кешенді шешуге бағытталған келесі маңызды қадам. Қалалық урбанист Шыңғыс Темірбаевтың айтуынша, бұл жоба тек көлік жүйесін жеңілдетіп қоймай, сонымен бірге сол аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық белсенділікті арттырады. «LRT желісі бойындағы жылжымайтын мүлік құны 10–15%-ға дейін өсіп, кәсіпкерлік нысандар саны көбейеді. Бұл – қалаға қосымша салық түсімі мен инвестициялық тартымды-

ҮНЕМ мен ТИІМДІЛІК



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

лық әкеледі», – дейді сарапшы. Егер жоба жүзеге асса, көлік жүйесіне түсетін жүктеме 20%-ға азаяды деген болжам бар.

Көше жөндеу: тікелей пайда мен жанама табыс көзі

Көп жағдайда көше жөндеу жұмыстары көзге көрінбейтін, бірақ қала экономикасы үшін стратегиялық маңызы зор инвестиция болып табылады. Алматыда 2023 жылы 400-ден астам көше жөнделіп, 1200 шақырымға жуық жол жаңғыртылды. Сарапшылардың айтуынша, сапалы жол инфрақұрылымы бірнеше бағытта экономикалық тиімділік береді:

- Көлік қозғалысының жылдамдығы артады. Бұл – уақыт үнемі мен жанармай шығынының азаюы. Әрбір жүргізуші күніне 30–40 минутын үнемдейді, бұл жылдық өнімділікке әсер етеді.
- Логистика оңайланады. Жөнделген жолдармен жүк көліктері кедергісіз қаты-

нап, шағын және орта бизнес тасымалдау шығындарын 10–15%-ға дейін қысқарта алады.

- Көше бойындағы кәсіпкерлік дамиды. Мысалы, Райымбек даңғылында жол жаңғыртылған соң сауда орындарының кірісі 12–17%-ға артқаны байқалған.

- Қауіпсіздік күшейеді. Жаяу жүргінші жолақтары, жарықтандыру және веложолақтар – қала тұрғындары үшін жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастырады.

- Салық түсімі көбейеді. Инфрақұрылым жақсарған сайын кәсіпкерлік белсенділік те артып, бюджет кірісі еселене түседі.

- Алматы қаласындағы көлік инфрақұрылымын дамыту жобалары – құрылыс пен экономиканың күретамырын жаңғырту жолы. Метро – мегаполиске лайық заманауи шешім, LRT – болашақтың тұрақты көлік жүйесі, ал көше жөндеу жұмыстары – экономиканы айналымға түсіретін нақты механизм. Бұл үш бағыт – бір-бірін толықтырып, Алматыны жайлы да бәсекеге қабілетті қалаға айналдырады.

ЖЫЛУ ҚҰБЫРЫ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Алматыда жылу желі-лерін жаңарту жұмыстарына байланысты Марков көшесінің бір бөлігінде автокөлік қозғалысы уақытша тоқтатылды.

2025 жылғы 3 шілде мен 25 тамыз аралығында Бұқар жырау бульварынан «Зайка» балабақшасына дейінгі аралықта көлік қозғалысы екі бағытта да шектелген. Бұл шектеу 1973 жылы пайдалануға берілген, тозығы жеткен магистральдық жылу трассасын қайта жаңарту жұмыстары аясында қолға алынып отыр.

Жөндеу кезінде құбыр көшенің жол жиегінің астымен өтетіндіктен, қауіпсіздік мақсатында көлік қозғалысы толығымен тоқтатылады. Дегенмен, Римский-Корсаков көшесі арқылы Бұқар жырау бульварынан №3 үй жақтағы кіреберіске дейін көршілес аулаларға жедел қызметтер мен автокөліктерді кіруі қамтамасыз етіледі.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС мәліметінше, ұзындығы 1,5 шақырымды құрайтын бұл құбыр 16 көпқабатты тұрғын үй мен 7 нысанды жылумен және ыстық сумен қамтып отыр. Жаңарту жұмыстары жүріп жатқан кезеңде тұтынушыларға ыстық су үздіксіз беріледі.

Айта кетейік, 2025 жылы Алматы бойынша жалпы ұзындығы 39 шақырым жылу желісі жаңартылмақ. Бұл шаралар қаланың жылу инфрақұрылымындағы тозу деңгейін 54%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Құралай ЖҰМАДИЛОВА



Наурызбай ауданы:

ЖАҢА ЖОБАЛАР

тұрғындардың жайлы өмір сүруі мен қауіпсіздігін арттырады

Алматы қаласының Наурызбай ауданы соңғы жылдары ауқымды құрылыстың, қарқынды дамуының үлгісіне айналды. Бірнеше жылдың өзінде ауданның инженерлік инфрақұрылымы жаңғыртылып, жолдар жөнделіп, әлеуметтік нысандар бой көтеріп, тұрғындар үшін қолайлы орта жасалды.

Ернұр
РЫСБАЙКЕШЕНДІ ИНЖЕНЕРЛІК
ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Ауданда үлкен де маңызды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Су тарту мен су құбыры желісінің құрылысы он мыңдаған тұрғынды сапалы ауызсумен қамтамасыз етеді.

Дамудың негізгі бағытының бірі – аумақты осы заманғы сапалы, кешенді инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету. 2025 жылы ауызсу мен кәріз жүйесін дамытуды көздейтін үлкен жобалар іске аспақ. 2024 жылдың наурызында бастапқыда «Қарғалы» сүзгі станциясы жобасында қарастырылмаған 8,6 шақырым кәріз коллекторының құрылысы аяқталды. Бұл жоба 50 мыңнан астам тұрғынды сапалы ауызсумен, кәріз жүйесімен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек.

Биылғы қараша айында тәулігіне 22 мың текше метр су өткізуге қабілетті «Ақсай» су тарту нысанының құрылысы аяқталады. Нысанның жалпы құны – 29,7 млрд. теңге. Қазір жұмыстың 80%-ы аяқталған. Сонымен қатар, су тарту нысанына аппараттар 9 шақырым жол мен 5 көпір тағы салынып жатыр. Сүзгі станциясында іске қосу-жөндеу мен технологиялық жұмыстар қатар қолға алынған. Бұл стратегиялық маңызды нысан ауданның батыс бөлігі мен облыстың Қарасай ауданындағы 150 мың адамды ауызсумен қамтамасыз етеді.

«Ақжар» жобасының (екінші кезең) аясында 2024 жылы 14 шақырым су құбыры мен 12 шақырым кәріз желісі салынды. 2025 жылы бұл жұмыстар жалғасып, тағы 17 шақырым су құбыры мен 15 шақырым кәріз желісі салынып жатыр. Сонымен қатар, жобаның үшінші кезеңі де іске асырылып, қосымша 1,7 шақырым су құбыры мен 1,3 шақырым кәріз жүйесі салынбақ.

«Қарағайлы» жобасының бірінші кезеңі аясында 2024 жылы 1,6 шақырым су құбыры мен 800 метр кәріз желісі салынды. 2025 жылы тағы 2,6 шақырым су құбыры мен 1,3 шақырым кәріз желісі қосылады. Қазір жобаның екінші кезеңіне арналған жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Бұған қоса, «Тастыбұлақ» пен «Таусамалы» жобасы (бірінші кезең) мемлекеттік сараптамадан оң қорытынды алды. Бұл жобалар бойынша жоспарланған жұмыстың жалпы ауқымы – 9,6 млрд. теңге.

«Аталған жобалар ауданның орнықты дамуына қажетті мықты инженерлік негіз қалыптастырып, тұрғындардың жайлы өмір сүруі мен қауіпсіздігін арттырады. Сондай-ақ, қалалық инфрақұрылымды жүйелі түрде дамытуға бағытталған нақты қадамдарды көрсетеді», – дейді Назира Тоғызбаева.

КӨШЕ-ЖОЛ ЖЕЛІСІ:
ҚАЙТА ЖАҢАРТУ МЕН ҚҰРЫЛЫС
ЖҰМЫСТАРЫ

Наурызбайда көше-жол желісін қайта жаңарту мен құрылыс жұмыстары жалғасып жатыр. Алдағы екі жылда 100 шақырым жол жаңартылып, тротуарлар мен арықтар салынып, аудандағы көлік байланысы қалыпқа келмек. Жол инфрақұрылымын дамыту жобалары жүйелі түрде іске асып жатыр. Былтыр 21 көшеде 15 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізіліп, оған 1,1 миллиард теңге бөлінген. 2025 жылы тағы 35 көшеде 47 шақырым жол жаңартылады, осы мақсатқа 3,2 миллиард теңге бөлінді. Өткен жылы «Ақжар» шағынауданында 10 көшеде 6 шақырым жаңа жол салынып, жұмыс құны 400 миллион теңге болды. 2025 жылдың мамыр айынан бастап «Ақжар» мен «Шұғыла» шағынаудандарында жаңа жол салу жұмыстары басталып, инженерлік желілердің құрылысы аяқталды.



2024 жылы аудандық жол желісінің сапасын арттыру үшін 50 мың шаршы метр жол жабындысы қайта жөнделіп, 1,7 шақырым арық желісі салынды. 2025 жылы бөлінген 850 миллион теңгеге тағы 45 мың шаршы метр жол жабындысын жөндеп, 10 көшеде 4,5 шақырым тротуар салып, 4 көшеде 5 шақырым болатын арық тарту жұмысы жоспарланған. «Біріншіден, ауданның басқа қалалық және облыстық аймақтармен көлік байланысын жақсарту басты міндетіміздің бірі. Үлкен жолдар салуды қолға алдық. Осылайша Абай даңғылын Строительная көшесінен Алтын Орда көшесіне дейін 600 метрге дейін кеңейту жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жоба құны – 3,5 миллиард теңге. 73 жер учаскесін сатып алуды аяқтадық, биыл жыл соңына дейін құрылыс жұмыстары толық бітеді», – деді Назира Тоғызбаева.

Сондай-ақ, Төле би мен Жұбанов көшесінде инженерлік желілерді көшіру мен жер учаскелерін сатып алу жұмысы жүріп жатыр. Төле би көшесіндегі 270 учаскенің 211-і сатып алынды. Қалған учаскелер 2025 жылға дейін сатып алынып, барлық құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталады. Бұл жобаны іске асыру үшін 19,2 миллиард теңге бөлінді. Жұбанов көшесінде 346 учаскенің 75-і сатып алынды, қалғанын бағалау жұмысы аяқталып қалды. Бұл жобаны аяқтау құны 13,1 миллиард теңге, 2026 жылдың қараша айына жоспарланған.

Спикер мәлімдегендей, барлық құрылыс пен жолдарды жаңалау жұмыстары жер учаскелерін сатып алу мен меншік иелерімен келісу шаралары ескеріле отырып жүргізілуде. Жол желісін кешенді жаңарту көлік қатынасын арттырып қана қоймай, аудан тұрғындарының жүріп-тұруын ыңғайлы әрі қауіпсіз етеді.

АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ:
80-НЕН АСТАМ ЖОБА

Наурызбай ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы мен қалалық бастамалардың арқасында жылдың соңына дейін 80-нен астам абаттандыру, көгалдандыру мен инфрақұрылымды дамыту жобасы жүзеге асады. «2024 жылы «Халық қатысатын бюджет» арқылы 10 қоғамдық кеңістік пен екі аулаға 2,5 миллиард теңге бөлінді. Ол қаржы тротуар салып, автосуару жүйесін орнатып, көгалдандыру мен жарықтандыруға, асфальт төсеп, қоршау орнату жұмыстарына жұмсалды. Биыл қаржыландыру көлемі сақталды, қазір тұрғындардан түскен 1300-ден астам ұсыныстың арасынан іріктеліп алынған 34 жаңа жоба іске асырылып жатыр», – дейді Назира Тоғызбаева.

Қазір Шұғыла тұрғын үй кешенінде жаяу жүргіншілер жолын абаттандыру мен қоқыс алаңдарының құрылыс каркастарын орнатып жатыр. Жандосов көшесінде жолды кеңейтіп, тротуарлар салып, автосуару жүйесін құру жұмыстары қолға алынды. Тастыбұлақ өзенінің бойында ұзындығы 1,4 шақырым болатын жаяу жүргіншілер жолы жасалып жатыр. Жыл соңына дейін Алатау даңғылы мен Сәбденов көшесін абаттандырып, Жандосов көшесінен Ақсай өзеніне дейінгі арна-

ны нығайту мен Қарғалы өзенінің Райымбек даңғылына дейінгі жағалауын абаттандыру жоспарланған.

Сонымен қатар, Абай даңғылы мен Қонаев, Алатау, Әшімов, Шаляпин сияқты үлкен-үлкен көшелерде сәндеп жарықтандыру қолға алынбақ. Қалалық «Дизайн-код» концепциясы аясында 20 көпқабатты үйдің қасбетін жөндеу жұмыстары басталды. Сонымен қатар, өткен жылмен салыстырғанда жөнделетін аулалар саны үш есеге артып, 16-дан 47-ге дейін көбейген.

Аудан әлеуметтік инфрақұрылымды да белсенді түрде жаңартып жатыр. Жеңістің 80 жылдығына орай №187 мектеп аумағы абаттандырылып, «Мәңгілік алау» монументі орнатылды. «Ақжар» шағынауданы мен Зиманов көшесінде балалар мен спорт алаңдарына күрделі жөндеу жасалды. Айтматов көшесінде жаңа қоршау орнатылып, арық жүйесі мен спорт жабдықтары жаңартылды. Қосымша бөлінген 200 миллион теңге Қарғалы, Абай, Райымбек, Карьерная мен басқа да көшелер бойынша жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Усиков көшесінде сырғымалы және су тасқыны қаупі бар аумақтарды нығайту жұмыстары аяқталды, бұл күшті жауын-шашын кезінде оқыс оқиғаның алдын алуға мүмкіндік береді. Спикер атап өткендей, барлық жұмыстар қаладағы жайлы орта концепциясы аясында жүзеге асырылып, тұрғындардың қолдауымен жүргізіліп жатыр. Аудан абаттандырылып қана қоймай, оны қауіпсіз етуге де маңыз берілген.

БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

2024-2025 оқу жылында Наурызбай ауданында әлеуметтік инфрақұрылым бойынша біраз жоба жүзеге аспақ. Қазір ауданда 33 000 оқушы тіркелген. «Жайлы мектеп» жобасы аясында жаңа білім беру нысандары ашылып, жыл соңына дейін «Нұрлы дала» тұрғын үй кешенінде 1500 орынды жаңа мектеп іске қосылады. Сонымен қатар, «Елімай» тұрғын үй кешені, «Құрамыс» пен «Шұғыла» шағынауданында үш мектеп салынып жатыр. Соның арқасында ауданда 6000-нан астам жаңа оқушы орны пайда болмақшы. «Жаңа білім беру нысандарын ашу – басым бағыттың бірі. Балаларымыз сапалы білім алуы үшін осы заманғы әрі қолайлы инфрақұрылым жасауымыз қажет», – деді Назира Тоғызбаева.

Биыл қыркүйекте «Шұғыла» шағынауданында 320 орынды балабақша ашылады. Сондай-ақ, 2025 жылдың соңына дейін тағы үш балабақша салынып бітпекші. Әрқайсысы 320 орынға арналған олардың екеуі – «Құрамыс» пен «Шұғыла» шағынауданында, «Қалқаман» шағынауданында 240 орынды балабақша тағы салынады. Аудан әкімі атап өткендей, мектепке дейінгі білім беруді дамыту – балаларға қолайлы жағдай жасау мақсатын көздейді. Әр баланың жаңа да жайлы балабақшаға баруына мүмкіндік жасалмақ.

Денсаулық сақтау саласында да аудан бойынша маңызды жұмыстар қолға алын-

ған. 2025 жылдың шілдесінде «Құрамыс» шағынауданында күніне 500 адамды қабылдай алатын емдік-диагностикалық орталығы бар емхананың құрылысы басталды. Сонымен қатар, «Ақжар» шағынауданында 200 адамға арналған алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығының құрылысына арналған мемлекеттік сараптама-ның қорытындысы қазан айында шығып қалады. Білім беру мен денсаулық сақтау негізгі екі бағыт. Жаңа мектептер, балабақшалар мен медициналық мекемелердің салынуы аудан тұрғындарының өмір сапасын арттыруға ықпал етеді.

Сондай-ақ, екі дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жоспарланып отыр. «Шұғыла» шағынауданында нысан 2026 жылдың тамызында пайдалануға берілмек, ал «Ақжар» шағынауданында құрылыс жұмыстары қыркүйек айында басталады.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ МЕН
ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Наурызбай ауданы тұрғындарының жайлы тұрмысы мен өмір сапасын жақсарту бағдарында да ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қазір 583 отбасыға жалпы сомасы 140,1 миллион теңге көлемінде мекенжайлық әлеуметтік көмек беріліп жатыр. 12 өтініш берушіге 584 мың теңге көлемінде тұрғын үй көмегі көрсетілді.

Ұлттық кәсіпкерлікті дамыту жобасы аясында аудан бойынша 2713 адам жұмысқа орналасқан. Оның ішінде 684 адам тұрақты жұмыс, 1714 адам қоғамдық жұмыстар аясында уақытша жұмысқа тұрды. Сонымен қатар, 107 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, 64 адам қоғамдық жұмыс орындарына жіберіліп, 48 жас маман практикадан өткен. Ауданда «Бақытты отбасы» мен «Шыңға өрлеу» әлеуметтік орталықтары жақсы жұмыс істеп жатыр. Балаларға өнер мен шет тілдері бойынша сабақтар ұйымдастырылады.

Осы орайда қарт тұрғындарға ерекше көңіл бөлінген. «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында олар спортпен шұғылданып, шығармашылықпен айналысып, би сыныптарына қатысады. Оларға денсаулық сақтауға байланысты қызмет тұрақты түрде көрсетіледі. Мүгедектігі бар адамдар «TenQodag» мүгедектерге әлеуметтік қолдау орталығында базалық компьютерлік дағдыларды үйреніп, ағылшын тілін оқып, кәсіпкерлік тренингтерге қатыса алады. Балалар мен жастардың шығармашылық және спортқа қабілетін дамытуға бағытталған «DamiBala» бағдарламасы үлкен сұранысқа ие. Осы бағдарламаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 1,4 миллиард теңге бөлінген. Бағдарламаның арқасында 4 мыңнан астам бала тегін үйірме мен спорт секциясына қатысады.

Сонымен қатар, аудан әкімдігі үнемі осы бастаманың сапасын бақылап, есеп беру концерттерін ұйымдастырады. «Наурызбай ауданының әлеуметтік саясаты әр адамның дамуы мен қолдауына нақты жағдай жасауға бағытталған», – дейді аудан әкімі Назира Тоғызбаева.



ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

ТРЕНД және ТАБЫС

TikTok – тауар сатып, пайда табатын жаңа кәсіп алаңы

TikTok – би алаңы ғана емес, бизнес алаңы. Бұдан бірнеше жыл бұрын TikTok платформасы жасөспірімдерге арналған көңіл көтеру құралы ретінде ғана танылған болатын. Бірақ соңғы екі-үш жылда бұл желі тұтас нарықтық жүйені өзгертіп, электронды коммерция мен кәсіпкерлікке жаңа бағыт әкелді. Бүгінде Қазақстанда да TikTok арқылы тауарын таныстырып, табыс тауып отырған жас кәсіпкерлердің саны артып келеді. Қысқа видеолар, шұғыл трендтер, визуалды әсер – мұның бәрі өнімді жылдам әрі тікелей аудиторияға жеткізудің тиімді тәсіліне айналды. Күнделікті түнгі уақытта адамдар жұмыстарынан босап әлеуметтік желі ақтаратын уақытта тікелей эфирге сауда жасауға кірген стрим жүргізушілерді қазір күнделікті байқаймыз.



(Сурет ЖИ).

Заң аясындағы TikTok бизнесі: электронды коммерцияның көлеңкелі жағы да бар. Кейбір сатушылар салықтан жалтарады, өнім сапасы күмәнді. Қазіргі таңда Қаржы министрлігі онлайн сауданы заңдастыру тетіктерін жетілдіруде. Мемлекет TikTok арқылы сауда жасайтын кәсіпкерлерді де бақылауға алып, ресми тіркеу, салық төлеу, тұтынушы құқығын қорғау мәселелерін күн тәртібіне қойып отыр.

Білім мен кәсіпті

ұштастырған жаңа толқын

TikTok арқылы кәсіп бастағандардың көпшілігі – 18–30 жас аралығындағы жастар. Бұл – нарыққа бейім, цифрлық сауатты, жылдам әрекет ететін буын. Олар университетте оқып жүріп, қосымша

табыс тауып отыр. Бұл құбылыс, бір жағынан, жастардың өзін-өзі қамтамасыз етуге, дербес шешім қабылдауға ұмтылатынын көрсетеді. Екінші жағынан, формальды білім мен практикалық тәжірибенің арасындағы алшақтықты да аңғартады. Жастардың көпшілігі оқыған мамандығы бойынша емес, желідегі дағдылары арқылы күн көріп жүр.

TikTok – кәсіптің жаңа мектебі. TikTok – жәй ғана тренд емес, бұл – жаңа кәсіп үлгісі. Қазіргі таңда кез келген адам телефон мен идеяны біріктіре отырып, кәсіп бастай алады. Бұл жастар үшін үлкен мүмкіндік. Алайда, бұл сала да білім мен тәртіпті талап етеді. Ойланбай, тек трендке еру – уақытша ғана нәтиже береді. Ең бастысы – TikTok арқылы сауда жасау «жылдам байып кету» жолы емес, еңбек пен шығармашылықты талап ететін кәсіп.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Анель ОРЫНБАЙ, маркетинг-менеджер:

Заманауи кәсіпкерліктің жаңа әрі динамикалық бағыты

TikTok бүгінде жәй ғана әлеуметтік желі емес – толыққанды маркетингтік экокүйе. Мұнда дәстүрлі жарнамадан тыс, креатив пен эмоцияға негізделген сату моделі қалыптасты. Контент пен коммерция шекарасыз байланысып жатыр: бір видеода әрі таныстыру, әрі жарнама, әрі сенім қалыптастыру қатар жүреді. Бұл – дәстүрлі маркетинг құралдарына қарағанда әлдеқайда шапшаң әрі әсерлі әдіс.

Қазақстан жастарының TikTok арқылы табыс табуға деген ұмтылысы – заманауи кәсіпкерліктің жаңа әрі динамикалық бағытын көрсетеді. Олар кеңсе жалдамай-ақ, ірі компанияға кірмей-ақ, тек смартфон мен интернет арқылы өз бренді қалыптастырып, өнімін сатуға кірісіп жатыр. Бұл – нағыз цифрлық дәуірге тән тренд. Әсіресе, TikTok-та өнім сату үшін жәй ғана жарнама емес, қызықты оқиға, эмоция мен өмір салты маңызды рөл атқарады. Яғни жастар өнім емес, өмір сүру стилін сатады. Әрине, бәсеке өте жоғары. Бірақ идеясы бар, аудиториясын түсіне алатын, видео форматта өзін еркін көрсете білетін адам үшін TikTok – үлкен мүмкіндік алаңы. Мұнда контент тұрақты, бірегей әрі шынайы болған сайын, көрерменнің сенімі де артады. Сенім – сату үшін шешуші фактор. Көрермен сенген өнім – сатылатын өнім. Сондықтан TikTok-та табысты болудың басты құпиясы – сенім мен шынайылық. Болашақта TikTok кәсіпкерлігі тек табыс көзі емес, маркетинг саласындағы мамандарды даярлайтын тәжірибелік мектепке айналуы мүмкін. Бұл платформа – тек сату алаңы емес, аудиториямен жұмыс істеуді, нарықты сезінуді, тез бейімделуді үйрететін орта. Яғни TikTok – болашақтың бизнес зертханасы.

Аружан НИЯЗҚЫЗЫ, онлайн саудагер:

Шығармашылық пен еңбекке негізделген

TikTok мен үшін жәй ғана ойын-сауық немесе би түсіретін алаң емес. Бұл – шынайы табыс табуға мүмкіндік беретін жаңа кәсіп алаңы. Бастапқыда қызығушылықпен, жәй ғана трендке ілесіп, бір-екі видео түсіріп көрген едім. Күтпеген жерден көп көрілім жинап, пікірлер мен сұрақтар көбейе бастады. Сөйтіп, алғашқы тапсырыстар да келе бастады. Қазір менде өзімнің тұрақты көрерменім, тіпті тұтынушы клиенттерім бар. Олар жаңа товарларды күтіп отырады, пікір жазып, тапсырыс береді. Бұл – үлкен мотивация. Ең ұнағаны – бұл істі бастау үшін үлкен капиталдың қажеті жоқ. Маған тек телефон, интернет және ниет керек болды. Видео түсіруді, өз тауарымды дұрыс жарнамалауды, таныстыруды, аудиториямен қарым-қатынас жасауды өзім үйреніп алдым. TikTok – шығармашылық пен еңбекке негізделген алаң. Сен көрерменнің сенімін тек жарнама арқылы емес, өзіңнің шынайы көзқарасың мен адалдығың арқылы жаулайсың. Бұл – қазіргі жастарға арналған жаңа мектеп сияқты.

Мен секілді үйде отырған аналар үшін бұл – үлкен мүмкіндік әрі өзіңе деген сенімділікті арттыратын тәжірибе. TikTok – қазіргі заман жастарының қолындағы мүмкіндікті ұтымды пайдалануға болатын нақты құрал.

БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨНІ

МЕМЛЕКЕТТІК
ГРАНТ:Түлектер оқу ақысын
төлеуге міндетті ме?Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен, мемлекеттік гранттың құнын кімдер өтеуге міндетті, кімдер өтеуден босатылады? Бұл ретте әскерге барғандарға тағы бір жеңілдік жасалмақшы. Бұған дейін Отан алдындағы борышын өтеушілер мемлекеттік грантты өтеуден толық босатылмай, өтеу мерзімі тек уақытша кейінге шегерілетін еді. Міне, жаңа өзгеріске сай, ендігі жерде әскерге шақырылған азаматтар грантты мүлде өтемейтін болады.

Қаржы орталығы мониторингілеу департаментінің аға маманы Әсел Бөкенованың айтуынша, 2025 жылдан бастап, әскери қызметкер шақырылған жағдайда онда жас маман түгелдей босатылатын болады. Сондай-ақ, жоғары оқу орнын бітірген жерге барып, әскерге шақырылғаны туралы қағазын тапсыру керек.

Егер жас маман педагогикалық, медициналық және ветеринариялық мамандық иелері болса, оқуын аяқтаған соң, өз саласында жұмыс істеуге міндетті. Ал қалған мамандарға қойылатын талап бойынша 3 жыл көлемінде зейнетақы қорына тұрақты аударым жасауға тиіс.

Елімізде соңғы 3 жылда 170 мыңға жуық түлек мемлекеттік грант негізінде оқуын аяқтап, 60 мың жас маман жұмыс істеп жатыр. Осы мамандардың 42 мыңы грант иегері қаржысын өтеуден босатылған. Сонымен қатар, «Жұмыспен қамту орталығына» тіркелгендер саны 14 мыңнан асып отыр. Бүгінге дейін 619 түлек толықтай міндеттемені орындаса, 241 маман оқу шығынын бюджетке қайтарған.

Осы арада басы ашық мәселе – мемлекеттік грантты өтеуге ниетті жастардың қатары көп болғанымен, олардың қолын жұмыссыздық байлап отыр. Сондықтан қазіргі таңда елімізде жас мамандарға қолдау көрсету үшін «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы жұмыс істей бастады.

Осынау бағдарлама аясында 8 мыңға жуық жас маман уақытша жұмысқа орналасып үлгерген. «Жастар тәжірибесі» жобасына 5 жыл ішінде оқуын аяқтаған университет пен колледж түлектері қатыса алады. «Жастар тәжірибесіне» қатысатын түлектердің жалақысы толық жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады. Мемлекеттік грант – мемлекеттің жастарға жасап отырған қамқорлығы болғандықтан, оны өтеу кез келген түлектің міндеті. Сондықтан жоғары оқу орнының студенті атанған жастар бұл жауапкершілікті білгені жөн.

Бизнес + контент =
TikTok shop

TikTok-та өнім сату – енді жәй ғана жарнама беру емес, көрерменнің эмоциясына әсер ету, сенімін ояту, өмір салтымен үндесу. TikTok Shop, Live stream арқылы сату, шолулар мен пікірлерге құрылған бейнелер – жаңа заманның сауда әдісі. Бір кездері Instagram парақшасында өнім жарнамалап, direct арқылы сату үрдісі болса, бүгінде TikTok – аудиториямен тікелей байланыс орнататын платформа. Жас кәсіпкерлер қызықты бейнеролик түсіріп немесе эфир арқылы нөмірлерін белгілеп өнімдерін белсенді түрде өткізіп отырады. Бұл – сатушы үшін де, тұтынушы үшін де оңай әрі жылдам шешім.

TikTok-тағы контент көп қаралса да, бұл міндетті түрде сатылым бола береді деген сөз емес. Себебі, TikTok – көңіл көтеруге платформасы, мұндағы аудитория негізінен көңіл күй іздейді. Сондықтан кез келген өнімді сата алмайсың. Бұл платформада ең өтімді контент – «пайдалы әрі қызықты» өнімдер. Тұтынушы көзін қызықтырып, назарын аударған сәтте ғана өнімге сұраныс туады. Яғни сату тәсілі – сендіру емес, баурау. Сондықтан TikTok-тың өз тілі, стилі мен ырғағына бейімделу керек.

Маркетинг мектебі

Жастар арасында TikTok кәсіпкерлігі тек табыс көзі ғана емес, өз брендіңді қалыптастыру жолы ретінде қабылданады. Бұл – жас буынның маркетингті еркін меңгеріп жатқанын білдіреді. Әлеуметтік желіде кәсіп бастаудың артықшылықтары:

- ✓ Бастапқы капитал қажет емес – тек телефон мен идея керек;
- ✓ Шексіз аудитория – Қазақстанмен ғана шектелмейді;
- ✓ Уақыты мен кеңістігі еркін – кез келген жерде видео түсіруге болады;
- ✓ Жаңа трендтерге икемділік – өнімді нарық сұранысына қарай бейімдеуге болады.

Кемшіліктері де жоқ емес:

- ✓ Платформа алгоритмі өзгеріп тұрады – бүгінгі танымал видео ертең көрілмей қалуы мүмкін;
- ✓ Бәсеке өте жоғары – нарық толып тұр;
- ✓ Теріс пікірлер – клиентпен жұмыс істеу этикасын қажет етеді;
- ✓ Заңнамалық шектеулер – онлайн саудада салық, жауапкершілік мәселелері күшейіп келеді.

БӘРЕКЕЛДІ!

АЛМАТЫ ТЕАТРЛАРЫ

әлемнің ең ірі Avignon OFF 2025 театр фестивалінде
сәтті өнер көрсетті

Жаһандық халықаралық фестивальде Алматы театрларының қойылымдары аншлаппен өтті. Journées de l'Asie centrale бағдарламасы аясында Қазақстан қонақ ел ретінде қатысып, Алматы басты мәдени орталыққа айналды. Қала театр өнерінің ең озық туындыларын паш етті.

Фестивальдің ресми афишасына Алматыдан төрт театр кіріп, көрерменнің, халықаралық тәлімгерлер мен театр сыншыларының үлкен қызығушылығын тудырды. ARTiShok театры Atyrik Théâtre сахнасында «Маяковский» перформансын қойса, Jolda Dance Theatre «Тамыр» қойылымын La Scierie сахнасында көрсетті. Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры атақты «Ромео мен Джульетта» махаббат одасын La Scierie сахнасында сахналады. Ал «Алатау» театры Rouge Gorge сахнасында «Дала рапсодиясы» қойылымымен алматылық театрлардың өнерін түйіндеді.



Алматының бұл фестивалге қатысуы жәй ғана жеңіс емес, Қазақстандағы тәуелсіз театр өнерінің дамуына жол ашқан тарихи оқиғаға айналды.

Алғаш рет қазақстандық театрларға Еуропаның ең ірі фестивалінің сахнасында осындай кең мүмкіндік беріліп, жаңа халықаралық әріптестікке және отандық театрды танытуға жол ашылды. Алматы театрларының Франция жеріндегі өнерін Almaty Creative шығармашылық индустрияларды дамыту орталығы Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырды. Орталықтың жүйелі жұмысының арқасында алғаш рет бірыңғай кураторлық іріктеу жүргізіліп, фестиваль ұйымдастырушыларымен, халықаралық институттармен және БАҚ-пен өзара байланыс жолға қойылды.

ALMATY CIRCUS FESTIVAL

HASSAK ТОБЫ

III Халықаралық цирк фестивалінің
Бас жүлдесін жеңіп алды

Бұған дейін хабарлағанмыздай, 23–27 шілде аралығында Алматыда қала әкімдігінің қолдауымен III Халықаралық цирк өнері фестивалі өтті. ALMATY CIRCUS FESTIVAL фестиваліне әлемнің 15 елінен келген артистер қатысып, үздік цирк қойылымдарын ұсынды.

Фестиваль шымылдығы қала әкімі Дархан Сатыбалдының құттықтау сөзімен ашылды. Қала басшысы цирк мерекесіне жиналғандарды құттықтап, Алматының өнер мен мәдениет үшін ашық алаң екенін және халықаралық мәдени байланыстың маңызын атап өтті. Бұл құттықтау ауқымды фестивальдің ресми бастауын білдірді.

Фестиваль аясындағы ең жарқын сәттердің бірі Қазақ мемлекеттік циркінің «Hassak» тобының өнері болды. Артистер әлемде бұрын-соңды қайталанбаған ерекше

трюкті орындады: топ мүшелері маңдаймен бір мезгілде үш адамды көтеріп, өткел баспалдағымен жүріп өтті. Жалпы салмағы шамамен, 180 келі болатын бұл рекордтық нөмір халықаралық қазылар тарапынан жоғары бағаланып, Hassak ұжымы фестивальдің Бас жүлдесін иеленді. Өнерпаздар жеңісін Қазақ мемлекеттік циркінің 55 жылдығына және отандық цирк өнерінің негізін саңлақтарға арнады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, үш жыл ішінде ALMATY CIRCUS FESTIVAL Алматының ғана емес, бүкіл аймақтың маңызды мәдени оқиғасына айналды. Фестиваль әлемдегі ең ірі он цирк форумының қатарына кіріп үлгерді. Биыл Ресей,



Қытай, Украина, Вьетнам, Израиль, Якутия және т.б. елдерден барлығы 20 мемлекеттен 180-нен астам өтінім келіп түсті. Байқау бағдарламасында әуе гимнастары, эквилибристер, акробаттар мен ерекше жанр артистері өнерін паш етті. Көптеген қойылым алғаш рет көрерменге көрсетіліп, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Ал әлемдегі ең танымал сайқымазақтардың бірінің әсерлі қойылымы көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлап, бағдарламаның ең есте қаларлық сәттерінің біріне айналды.

• Биыл 2–24 тамыз аралығында Алматыда фестиваль жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің қатысуымен гала-концерт өтеді.

CLIP 2025 байқауы:

ТАРИХИ
ЖЕҢІСҚазақстандық опера әншісі
Әйгерім Алтынбек
Халықаралық опера байқауының
жеңімпазы атанды

XI Халықаралық опера әншілеріне арналған Портофино байқауы 2025 жылдың 22–27 шілде аралығында Италияда өтті. Ең алғаш рет 2015 жылы ұйымдастырылған бұл CLIP байқауы 32 жасқа дейінгі опера әншілері үшін ең беделді халықаралық додалардың біріне айналған. Қазылар алқасының құрамында Милан қаласындағы «La Scala», Монте-Карлодағы «Опера», Буэнос-Айрестегі «Колон», Мадридтегі «Короля театры», Висбаден мемлекеттік театры сынды танымал театрлар басшылары бар.



ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, Әйгерім Алтынбек бірінші орыннан бөлек, байқаудың негізгі номинацияларында да үздік болып, абсолютті жеңімпаз атанды.

Сонымен қатар, жерлесіміз «Көрермен көз-айымы» жүлдесін, «Үздік әйел дауысы» марапатын және музыка сыншысы, арт-директор әрі педагог Карло Майердың арнайы жүлдесін иеленді. Бұл – ел мәдениетіндегі тарихи жеңіс. Байқауда алғаш рет Орталық Азия өкілі осындай жетістікке жетіп, көшбас-

шылар қатарына көрінді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әйгерім Алтынбекке құттықтау жеделхатын жолдады. «Еліміздің мәдениетін төрткүл әлемге танытып, халықаралық сарапшыларды мойындатқан бұл жетістігіңіздің мән-маңызы зор. Сіз мемлекетіміздің мерейін үстем етіп, төл өнерімізді әлемнің төріне шығардыңыз. Алдағы уақытта да биік белестерді бағындыра бересіз деп сенемін!», – делінген құттықтауда.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





БЕКЗАТ ӨНЕР

Майса ЫҚЫЛАСОВА:

ӨНЕР – МЕНІҢ ӨМІРІМ, ДЕМІМ, ТЫНЫСЫМ



Алматы төрінде орналасқан Орталық көрме залында Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, театр суретшісі, графика және қолданбалы сәндік өнер шебері Майса Ықыласованың «Киелі киіз өнерім» атты жеке көрмесі ашылды. Көрмеде 40-тан астам графикалық туынды ұсынылды.

— Әр қазақ баласы жүннен басылған, қызылды-жасылды боялған ұлттық ою-өрнекті текеметтің, жүннен тоқылған алашаның үстінде ойнап өсті. Қой жүні бір заманда қазақтың баспанасы, киімі де болды. Киіз үйдің, қой жүнінің емдік қасиеті бар, ол сусамыр ауруына шалдықтырмайды деп отыратын үлкендер. Соны ойлап, қолданыстан шығып бара жатқан қой жүнін неге кәдеге жаратпасқа деп, одан экологиялық таза балалар ойыншығын, әшекей бұйымдар да жасаймын. Кейінгі жылдары киіз кескіндемесіне ден қойдым. Ол да аса күрделі жұмыс. Өзен, көлді киіз бетіне басу үшін қой жүнін түрлі түске бояп, ақ бұлт, көк аспан, көгілдір

көл, тау, тас, қарағайларды өрнектейсіз. Боялған жүнді ретімен орналастыру, сурет жасап шығару оңай емес. Киіз басу дәстүріне сәйкес жасалған «Наурызша», «Торғай көлі», «Күн шуағына шомылған тұз» атты туындыларым бар. Әсіресе, дала көріністерін бейнелеген кескіндемелеріме шетелдіктер ерекше қызығушылық танытып жатады. Өнер — менің өмірім, демім, тынысым,— дейді шебер.

Қой жүнін суретке айналдырған шебер туралы бірер сөз. Ол Т.Жүргенов атындағы Алматы театр-өнер институтында «Сценография, театр техникасы және спектакльді көркемдеу» мамандығы бойынша білім алған. 1985 жылы студент кезінде «Алатау» ұлттық телеарнасына шақырылып, кәсіби жолын бастаған. Республикалық телеарналарға арналған телефильмдер мен спектакльдердің жасалуына атсалысқан. Алматыдағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында сәндік-қолданбалы өнерден зейнеткерлерге сабақ берген.

Суретшінің өнерге деген құштарлығы ерте жастан-ақ байқалған. Бала кезінде қолына түскеннің бәріне сурет салатын. Қағазға, қабырғаға, тіпті мұғалім болған

әкесі әкелетін ескі сынып журналдарына дейін шимайлап тастайтын. Ол кезде сапалы қағаз тапшы еді. Сурет салу бірте-бірте оның ішкі қажеттілігіне, ал өнер өмірінің мәні мен өзегіне айналды.

Энергиясы мол, өз ісіне шын берілген шығармашыл тұлға Майса Ықыласова түрлі мемлекеттен шеберлер жиналатын Ыстықкөлдегі халықаралық пленэрлерге тұрақты түрде қатысып келеді. Осындай шығармашылық сапарлардың бірі төрт елдің суретшілерін біріктірген, Қырғызстан тақырыбына арналған халықаралық көрменің бастамасына айналды. 2023 жылы ол Башқұртстан мемлекеттік көркемөнер музейінің М.В.Нестеров атындағы «Ижад» музейінде өткен III Республикалық ашық киіз өнері фестивалі — «Войлок-фестке» қатысты.

Шебердің Мұқағали Мақатаев поэзиясын графикалық суретке айналдырған жұмыстары да бір төбе. Мәселен, ақын өлеңдерін оқи отырып шабытпен салған «Махаббат диалогы», «Ғашықпын», «Раушан гүліне», «Жалаң аяқ қыз», «Бақыт деген...» сынды суреттер сериясы мен «Менің замандастарым» атты портреттер жиынтығы да талай көрменің төрінен

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

А.ҮСЕНТАЕВА, көрме жетекшісі:

ҚАЗАҚТЫҢ КИІЗ БАСУ ДӘСТҮРІН ЗАМАНАУИ ТҰРҒЫДА ЖАҒҒЫРТҚАН ШЕБЕР

Майса Ықыласованың шығармашылығы кең ауқымды: кескіндеме, графика, қарындашпен орындалған портреттер, батик техникасындағы туындылар оның өзіндік қолтаңбасын айқындайды. Суретші үшін шабыттың қайнар көзі кез келген нәрсе болуы мүмкін. Мәселен, адамның бет-әлпеті, оның жан тебіренісі, мейірімділік пен табиғаттың сан алуан көңіл күйі.

Кейінгі жылдары суретші шығармаларында жылы, фактурасы бай әрі жанына жақын киіз материалын жиі қолдана бастады. Мерейтойлық көрменің негізгі бөлігін де осы киіз техникасында орындалған туындылары құрайды. Бұл өнердің қыр-сырын алғашқы ұстазы — әжесінен үйренген шебер бүгінде қазақтың киіз басу дәстүрін заманауи тұрғыда жаңғыртып, бірегей авторлық туындыларымен танылып жүр.

орын алды. Дәлірек айтсақ, Алматыда өткен «Поэзия, менімен егіз бе едің...», «Көктем лебізі» сияқты жеке көрмелері көптің ықыласына бөленген.

Майса Ықыласованың ерекше туындыларына халықаралық деңгейдегі көрмелерде де орын беріліп жүр. Тіпті, шебердің қолынан шыққан картиналар бүгінде Түркия, Германия, Италия, БАӘ және АҚШ коллекционерлерінің жеке мұрағатында сақтаулы.

Нұржамал ӘЛШ, журналист.



АССАМБЛЕЯ – 30

ДОМБЫРА МЕН ДЖЕМБЕ

Алматыда мәдениеттер үндестігін үйлестірген бірегей көрме ашылды

Алматыдағы Ықылас атындағы Ахалық музыкалық аспаптар музейінде «Этноәлем: Бір шаңырақ астында» атты көрме өз жұмысын бастады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай «Африкалық этно-мәдени орталықпен» бірлесіп ұйымдастырылған бұл көрменің басты мақсаты — Қазақстанда өмір сүріп жатқан түрлі этностардың бай мәдени мұрасын кеңінен таныстырып, этносаралық келісім мен өзара құрметті нығайту. Іс-шара қоғамдағы бейбітшілік пен татулықты дәріптей отырып, келушілерге әр этностың болмысын, тұрмыс-тіршілігін, өнері мен дәстүрлерін тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Көрмеде африка халықтарының музыкалық аспаптары, ұлттық киімдері, тұрмыстық бұйымдары мен қолөнер туындылары ұсынылған. Африка халқының мәдениеті мен тарихына арналған бөлім көрермендер тарапынан ерекше қызығушылық тудырып отыр. Бұл бөлімде африкалық му-

зыкалық аспаптар, сәндік-қолданбалы өнер туындылары және этникалық нышандар көпшілік назарына ұсынылған. Келушілер үшін бұл көрме — тек мәдени танысу алаңы ғана емес, сонымен бірге ұлтаралық достық пен ынтымақтастықты нығайтатын маңызды платформа.

Көрме қонақтары ашылу салтанатында Африка халқының ұлттық музыкалық аспаптарымен кеңінен танысты. Әсіресе, африкалық джембе барабаны ерекше қызығушылық тудырды. Іс-шара барысында ұлттық өнердің тоғысуын бейнелейтін музыкалық қойылым ұйымдастырылып, онда африкалық джембенің үні мен қазақтың төл аспабы — домбыраның күмбірі үйлесім тауып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Бұл ерекше музыкалық синтез — тек өнердің шекарасы болмайтынын ғана емес, мәдениеттердің үндестігін де айқын көрсетті. Домбыра мен джембе үні арқылы түрлі халықтардың бір шаңырақ астындағы татулығы мен рухани жақындығы айқын сезілді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы — елдегі тұрақтылық пен бірліктің символына айналған бірегей құрылым. Осы орайда



қолға алынған «Этноәлем: Бір шаңырақ астында» көрмесі қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірегейлікті дамыту жолындағы игі бастамалардың бірі болып отыр.

Көрме 2025 жылдың 12 тамызына дейін жалғасады.

Т.ДЕРБИСАЛИН.

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Қазақ әдебиеті – халқымыздың ой-арманы мен болмысын бейнелейтін мәңгілік қазына. Қоғамдағы әр құбылыс, тың өзгеріс, жаңа бетбұрыс әдебиетте көрініс тауып, қаламгерлердің жан сырына айналып отырады. Сағат тілі алға жылжып, заман өзгергенімен, әдебиеттің қоғамдағы рөлі ешқашан кеміген емес. Оқырман талғамы мен заман талабы, ұлттық бірлік, қаламгердің беделі мен қоғамдағы ықпалы – бәрі-бәрі осы рухани кеңістікте айқындалып жатыр. Әдебиеттегі бірлік пен ынтымақ тақырыбы, қаламақының шығармашылыққа әсері, шығармалардың қазіргі жай-күйі сынды мәселелер жөнінде әдебиетке жанашыр сыншы, мәдени сарапшы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Әлия БӨПЕЖАНОВАМЕН сұхбаттасқан едік.

Әлия БӨПЕЖАНОВА:

ӘДЕБИЕТТІҢ БАСТЫ МИССИЯСЫ – ЖАСАМПАЗДЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Жастарға жақсы үлгілер керек

– Қазіргі қазақ әдебиетінің негізгі миссиясын қалай тұжырымдар едіңіз? Жастарымыздың бойында елге деген сүйіспеншілікті арттырудағы әдебиеттің ықпалы қандай? Бұл бағытта жас қаламгерлерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Әдебиеттің басты миссиясы – жасампаздыққа қызмет ету. Сондықтан да меніңше, шынайы көркем әдебиет өз түп негізінде, адамды, қоғамды зерттейді: жаңаны көре біледі, жарыққа, кемелдікке ұмтылдыруды мақсат етеді, небір бей-берекет, қайшылық, тіпті катаклизмдерге қарамастан үйлесім-келісімге бастайды. Демек, өзің айтып отырған тақырып осы үлкен миссияның құрамдас бөліктері ретінде бүгінгі шынайы көркем шығармалардың бәрінде дерлік көрініс табады. Әдебиет белгілі бір деңгейде қоғамның және міндетті түрде жазушы дүниетанымының, мажорлы не минорлы өмір сезінуінің көркем проекциясы болғандықтан, әрине, әрқилы қалыпта. Сондықтан нақты шығармалардың атын атап, түсін түстеудің қажеті бола қоймас.

Жастарды елін, жерін сүюге тәрбиелеуде сонау эпостарымыздан, жыраулар поэзиясынан бастап бүгінгі шығармаларға дейін – әдебиеттің ықпалы үлкен. Елімізде жастарға арналған жобалар мен байқаулар жүйелі түрде өтеді. Атап айтсақ, екі жылдан бері Республика Президентінің арнайы гранттық жобасы ұйымдастырылады. Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Қазақстан Жазушылар одағы 18–35 жас аралығындағы жастарға арналған «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» жобасын жүзеге асырып келеді. Бұл жоба ең алдымен жас қаламгерлер үшін пайдалы – алған тақырыбын шынайы игерер болса, шығармашылық аясының кеңеюіне, дүниетанымдық тұрғыдан толысуына, жастардың өз микроәлемінен шығып, белгілі бір деңгейде макроәлемге көтерілуіне жақсы бір мүмкіндік деген ойдамын.

Ал оқырманның еліміз өңірлерінің тарихы, жер-су атаулары, аңыз-әфсаналары мен өзге де рухани құндылықтары, бүгінгі жай-күйі туралы білімі толыға түседі. Өткен жылы осы жоба аясында 20 жас қаламгердің еліміздің әр өңіріне арналған мазмұнды да полиграфиялық сапасы жақсы кітаптары жарық көрді. Биыл және келесі жылы жалғасатын бұл жоба әдеби жас қауымдастықтың елге сүйіспеншілігін арттыруымен қатар, жоба мақсатында көрсетілгеніндей, қоғамдық сананы жаңғырту процесіне қосып отырған үлесі деуге болады.

Жас қаламгерлер тұлғатану тақырыбына қалам тартса, объектісін жан-жақты ашуға ден қойса деймін. Тұлғатану идеясына, өмірі мен шығармашылығы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болатын қалам және қоғам қайраткерлерінің бейнесін жасауға театрлар сергектеу. Дегенмен де, әзірге пьесалардың басым көпшілігінде кейіпкерлердің шынайы бейнесі, тұлғалығы өз деңгейінде көрінеді дей алмаймын. Жеке тұлғалар туралы оңай жазылып, оңай сахналанатын қойылымдар қатары көбейіп барады. Драматургтар көбіне жалаң компиляция жасауға бейім. Тұлға кеңестік кезеңде өмір кешсе авторға тіпті «жақсы» – бас кейіпкерге қарсы күш ретінде бір тыңшы немесе көре алмайтын адамды алады да, сол төңіректе жалған тартыс құрастырып береді.

Ал жеке тұлға туралы жазу автордан көп ізденісті, рухани өсуді талап етеді. Алдымызда классикалық үлгі –



қиындықтары болса да жасампаздыққа бастап, әрбір адамды жеке субъект ретінде тұлғалыққа ұмтылдыратын осы процестер жазушының қоғамға ықпалын азайтуы – қоғамға да, жазушының өзіне де пайдалы. Қазіргі заман жаңа технологиялардың, ашық ақпараттың заманы. Білімнің, кәсібиліктің заманы, жоғарыда айтылғанындай, әрбір жеке адам тұлғалыққа ұмтылатын заман.

Қоғам әртектіленді, бұрынғыдай біртұтас әдеби кеңістік жоқ. Мұндай ахуалда ақын-жазушы тек қана ой озықтығымен, көркем шығармасымен өтімді, бәсекеге қабілетті, мүмкін, ықпалды бола алады. Әрбір қоғам әлем мен жеке адам өмірінің әртүрлі үлгісін, мұратын алға шығаратынын еске алсақ, ендігі жерде тәуелсіз де өзіне-өзі сәйкес ұлттың еркін әдебиетінің бәсі артады. Дүниетаным көпнұсқалығы күрделі де шым-шытырық әлемде Қазақ әдебиеті де пәлсапалық іргетасы мықты, көпнұсқалы әдебиетке айналады деген сенім бар. Бүгінгі әдеби процеске көз салғанда осыған келе жатырмыз деуге болады. Осы ахуал толық орныққанда шынайы әдебиет қоғамдағы мәртебелі орнын, мүмкін, басқа қалыпта қайта алып, жазушы шын мәнісінде қоғамның элитасына айнала алады.

Жаңа кейіпкерлер мен тың идеялар жетіспейді

– Қазіргі қазақ әдебиетін қалай бағалар едіңіз...

– Көркем әдебиет – қоғамдағы тарихи-әлеуметтік, мәдени үдерістер мен өзгерістердің көркем айнасы десек, жеке пікірімде, бүгінгі айнамызда күрделі де қызғылықты

М.Әуезовтің «Абайы» бар ғой. Бұл трагедия неге биік тұр? Себебі, автор кейіпкері Абайды, оның қоғам өміріндегі рөлін, санаткерлік, хакімдік болмысын өте жақсы біледі, көркем жеткізеді.

Қаламгер еңбегінің өтеуіне қаламақы төленсе және жақсы төленсе шығармашылығына оң ықпалын тигізери басы ашық жайт. Соңғы жеті-сегіз жыл көлемінде қаламақы мәселесі біршама шешілгендей. Мемлекеттің жазушылардың кітабын қаламақы төлеп сатып алу және басып шығару, тарату жобасы аясында қаншама кітап шықты. Авторлары жап-жақсы қаламақы алды. Мәдениет және ақпарат министрлігінің бірнеше байқауы, сондай-ақ қоғамдық қорлардың да байқаулары бар. Алматы қаласы әкімшілігі бастаған жақсы шара – жазушыларға жыл сайын грант беру – Астанада және кейбір облыстарда жалғасын тапты. Жақсы қаламақы – ойдағы шығарманы алаңсыз отырып жазуға жақсы мүмкіндік. Бірақ жақсы жазудың бірден-бір жолы дей алмаймын. Таза шығармашылығымен күн көретін жазушы бәсекелестік жоғары Американың өзінде көп емес.

Бүгінде жазудың әртүрлі стратегиясы қалыптасқан. Көркем әдебиеттің биік параметрлеріне жауап беретін, жаңа эстетикалық ізденістер аясы кең, жанрлық-стильдік өзгерістерге түскен шығармалармен қатар, оқиғалары тез ауысып, тартыс тез шешілетін дүниелер бар, мұндай «быстрое чтение» бұрын да болған, кейін де бола береді. Және ол авторлар еріншек емес, керісінше өз алаңында жеріне жеткізе жазады, кейде тақырыпты саудаға салады. Бұл, бір есептен, нарықтың көрінісі, кітаптың коммерциялануына бастар жол болса керек. Оқырманның өзіне керегін ғана оқуы үшін қазіргі кітап әлемінде бағыт-бағдар беретін басылым керегі қатты сезіледі.

Қазақ әдебиеті көпнұсқалы әдебиетке айнала ала ма?

– Бұрын қоғамда қаламгерлердің ықпалы мықты болған, қазіргі ақын-жазушыларда ондай танымалдылық жоқ. Себеп неде?

– Жазушы, жалпы зиялы қауым ежелден ықпалды саналса, қазақ қоғамында ахуал солай болды. Біздер әдебиленген қоғамда өмір кештік. Халық шынайы ақпаратты, яғни шындықты жанама түрде, бейнелі түрде тек қана әдебиет пен өнерден алды. Әдебиеттің оқырманы, театр мен киноның көрермені өте көп болуының бір себебі де осында еді. Жазушылар қауымы жақсы өмір сүрді, материалдық жағынан қамтамасыз етілді. Мұндай ахуал, мүмкін, әдебиет пен өнер өкілдері үшін жақсы, тіпті қолайлы болған шығар, алайда қоғам үшін өте қолайсыз болғаны анық. Сіздіңше қалай, мысалы, 1000 адамның он пайызы ғана ойлы, білімді, өнерлі болып, қалған тоқсан пайызы сол онның аузына қарап отырғаны дұрыс па, әлде керісінше, мың адамның барлығы білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болғаны жақсы ма?! Әрине, соңғы нұсқа көңілге жатып, көкейге қонады.

Бүгінгі қоғамымызда осы соңғы нұсқадағы ахуал орнығып келеді. Қоғамдық құрылым жетілді, әлі де жетіле береді. Саясатты саясаттанушы, әлеумет жайын әлеуметтанушы, дін туралы дінтанушы, тарих туралы тарихшы, заң туралы заңгер, т.б. әңгіме қозғайды. Демек, әдебиетке бұрынғыдай әмбебаптық рөлдің қажеті жоқ. Тәуелсіздік кезеңінде еліміз ғасырға пара-пар өзгерістерді бастан кешті, қаншама

заманымыздың көркем бейнесі жетіспейді. Жаңа кейіпкерлер мен тың идеялар жетіспейді, бәлкім, жасампаз кейіпкер жасау тәжірибесі жетіспейді. Бұл әрі-беріден соң бүгінгі жазушының үлкен проблемасы.

Тәуелсіздік алғалы бері қаттырақ айтқанда, біз сөздің көркем сөздің инфляциясына ұшырадық. Қаншама кітап жарық көрді, бірақ пайдалы әсер коэффициенті төмен болды, жаңа тақырыптар, жаңа идеяларға зәрулік үнемі сезіледі (бұл туралы бұрынғы сұхбаттарымда айтқан едім).

Бізде жалпы мәдени-рухани ахуалымызға жан-жақты зерттеулер, талдаулар үнемі жүргізіліп отыруы керек. Айталық, тәуелсіздік алғаннан кейін кітап шығару ісінде хаосқа жол берілді. Бірталай жазушы бұрын жарық көрген көркем шығармаларын әр баспадан қайталап шығаруды әдетке айналдырды. Өзін «сыйлайтын» әрбір жазушы міндетті түрде көптомдық шығаруды көздеді. Және көп ретте көптомдықтардың, энциклопедиялардың стандарттары сақталмады.

Жуырда еліміздің Мәдениет және ақпарат министрі А.Балаева «Айқын» газетіне берген сұхбатында (22.07.2025) жалпы мәдени өміріміздің өзекті мәселелерін қозғап, бүгінгі кітап шығару ахуалы туралы ашық айтты. *«Біз өткен жылдары егемен тарихымызда алғаш рет республикамыздағы бүкіл кітапхана қорына тиянақты талдау жүргіздік. Нәтижесінде түйген түйініміз – елде бар кітаптың саны көп, бірақ сапасы жұтаң. Айналдырған төрт-бес автордың бір тақырыптағы кітаптары бірнеше мәрте өзгертіліп қайта-қайта басыла берген. Мысалы, кітапхана қорларында кітап аталымы тұрғысынан белгілі классик жазушымыздың 1174 кітабы 26804 данада болса, кітап тиражы тұрғысында ортаңқол бір автордың 1012 кітабы 34746 данасымен көш бастап тұр»,* – деді.

Ұзаққа созылған және кітаптың басын төмендетіп келген бұл бей-берекеттеу ахуалды реттеуді ресми биліктің қолға алуы көңіл тоғайтады. Министр бүгінгі заман талабы, Мемлекет басшысы айтқандай, оқитын ұлтқа айналуы кешенді шешу жолдары сөз болған бұл сұхбатында: *«...қазіргі әдебиетте қазіргі заман адамының көркем бейнесі, Қазақстанның жаңа мыңжылдықтағы келбеті, жаһандану кезеңіндегі ұлттық болмысы, ғылым мен технология тақырыптары әлі де жеткілікті қамтылмай отыр... Сондықтан да осы бағыттағы жұмыстарды әдеби орта терең түсініп, оған белсене араласса екен деген тілегіміз бар. Мемлекеттік қолдауды қанша ардақты-сыйлы болса да тек жеке-дара ағаларымыз емес, тұтас ұлттық әдебиетіміз көрсе екен деген ниет»* дей келе, қаламгерлер қауымының алдындағы міндеттерді де орынды меңзейді. Бүгінгі заманның жетістіктері де, заманауи да жасампаз кейіпкерлері де аз емес, оларды көру үшін қаламгерлер қауымы микроәлемнен макроәлемге шықса игі.

– Әңгімеңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Дана САДЫРҚАН.





ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

Дәулет
ТҰРЛЫХАНОВ:Қазақы тәрбиемен
сусындаған қарапайым
отбасында өстік

– Дәулет Болатұлы, кезінде анаңыз Мәрзия Тұрлыханованың көзін көрдім. Ортасына қадірлі, елге танымал жан еді. Әлі күнге бейнесі көз алдымда. Жалпы, ата-анаңыз туралы жүрегіңізде сақталып қалған ең қымбат естеліктер жайында әңгімелесейіз...

– Рахмет! Әр адам үшін Ананың орны қашан да ерекше ғой. Сондықтан болар, маған да анам туралы еске алып, естелік айту оңай емес. Бәлкім, перзенттік сағынышымды осындайда шығарып, жеткізсем бір жеңілдеп қалам ба деп те отырмын. Біз отбасымызда 8 ұл, 2 қыз тәрбиелендік. Ол кезде ауылдағы әрбір отбасында 10 бала, кейде одан да көп бала болатын еді. Отбасымыз қарапайым, қоңыр тіршілікпен өмір сүрді. Біздің үйде де өзіміздің жекеменшік малымыз болды. Күнде таңертең қораның есігін ашып, қой-ешкі, сиырды өріске айдайтынбыз. Бұл тек бізге ғана тән тіршілік емес, басқа көршілер де солай етеді. Сосын кешкісін әлгі малдардың алдынан шығып, қарсы аламыз. Кейде бөтен малмен бірге адасып кеткен малымызды іздеп, бүкіл ауылды аралап кетеміз.

Міне, осындай қазақы тәрбиемен сусындаған қарапайым отбасында өстік. Тіпті, отбасының үлкені болған соң, үйді де жинадық, еденді де жудық. Ыдыс-аяқты айнадай етіп жуып қоятынбыз. Ол кезде қазіргейдей неше түрлі ыдыс-аяқ жуатын қоспа болмады ғой. Бірақ біздің жуған ыдыстарымыз жалтырап тұратын. Күнделікті ас қамын да өзіміз жайғап, ұл бала болсақ та тамақты дайындап ішетінбіз. Бұл әрине, отбасындағы анамын тәрбиесінен дер едім. Өйткені, ер адам көбіне түзде жүреді, сыртқы шаруашылық мәселесі мойнында болғандықтан отбасындағы қалған тіршілікті анамыздың өзі-ақ шеше беретін еді.

Батасы мен тілегі әрдайым
қабыл болатын

– Отбасылық тәлім-тәрбие сіздің спорттағы мансабыңызға әсер етті ме?

– Анамның тәлім-тәрбиесі тек спортқа ғана емес, өмірдегі жеткен жетістігімнің барлығына әсер етті деп айтсам болады. Өйткені, бала үшін отбасындағы ата-ананың тәрбиесі өте маңызды. Мәселен, біздің әкеміз бен анамыз педагог кісілер болды. Анамыз кезінде Семей қаласындағы педагогикалық институттың физика-математика пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Сол жылдары Кеңес заманында білімді, дипломы бар жас мамандарды жақсы жалақымен, баспанамен қамтамасыз етіп, ауылдық жерлерге жолдамамен жіберетін еді. Міне, біздің ата-анамыз да жас маман

Қаршадайынан адал еңбек етуді жанына серік еткен болса, ұстаздық жолын қарапайым мұғалім болудан бастап, алғашқы күннен-ақ балалармен тіл табысу қабілетімен, әділдігімен, талапшылдығымен көзге түседі. Жылдары жемісті өткен ардақты жан өзінің ұстаздық қызметі барысында талай шәкірттің жүрегіне жол тауып, санасына сәуле құйды. Уақыт өте келе, оқу-ағарту саласында басшылық қызметтер атқарды.

Еліміздегі жекеменшік мектеп негізін қалады. Ол әр кезеңде де жұмысына деген адалдығымен, адамға деген құрметімен ерекшеленді. Еңбек жолына көз жүгіртсеңіз, оның әр басқан қадамы саналы, әр ісі мақсатты. Ол басшы

болғанда – әділдіктің, ұстаз болғанда – парасаттың, ана болғанда – мейірімнің үлгісін көрсете білді.

Сондықтан болар, қай ортада болмасын, сөзі – өтімді, пікірі – салмақты, адамгершілік ұстанымы – биік тұлға ретінде танылды. Қазақ халқы «Алып – анадан туады» дейді. «Ақшамның» қонақжай шаңырағы» айдарының бүгінгі қонағы – ағартушылық саласына ғана емес, қазақ спортының әлемдік деңгейде танылуына да зор үлесін қосқан Мәрзия Айтбайқызының ардақты ұлы, қазақтың даңқты палуаны Дәулет ТҰРЛЫХАНОВ асыл анасы жайлы перзенттік сағынышпен әңгіме өрбітті.

МЕНІҢ АНАМ –
ЕҢ ЖАҚСЫ АДАМҚазақстанның білім саласына зор үлес қосқан
Мәрзия Тұрлыханова жайлы бір үзік сыр...

ретінде ауылға келіп, ұстаздық еңбек жолдарын бастайды. Алғашында анам бастауыш сыныпта, кейіннен жоғары сыныптарға сабақ берді. Ол кезде біз кішкентай бала болдық.

Дегенмен, ата-анамыздың еңбек жолы көз алдымызда қалды. Анамыз таң атар-атпастан, ертелеп мектепке кететін. Себебі, ауыл өмірі басқаша, қоғамдық көлік болса да жоқ. Үй мен мектептің арасы 15–20 минуттық жер болса да, уақыт көп кететін. Осылайша ата-анамыз таңның атысынан кешке дейін мектепте жүрді. Соған қарамас-тан, бізге де тәрбие берді. Ата-анамыз бізді үлкенді үлкен деп, кішіні кіші деп сыйлауды үйретті. Біздің отбасымыз үшін тәртіп пен жауапкершілік басты орында болды.

Әкем тәртіпке қатаң қарайтын кісі болды. Ал шешем аналық мейірімін жиі байқатып отыратын. Керек кезінде басымыздан сипап, сабырмен ақыл-кеңесін айтып, кейде тіпті ұрсып та алатын. Анамыз ана ретінде де, педагог ретінде де өз міндетін толық, адал атқарды деп айтуға болады. Жалпы, менің жеке өмірімдегі табыстарыма анамның қосқан үлесі зор болды. Өйткені, ананың бата-сы мен тілегі әрдайым қабыл болатын. Мен үшін менің анам ең жақсы адам! Абзал анам 79 жасқа толған кезінде дүниеден өтті. Бұл біз үшін, балалары үшін, отбасымыз үшін өте ауыр тиді.

– Биыл Мәрзия Айтбайқызының туғанына 85 жыл толып отыр. Осыған орай, қандай іс-шаралар өткізуді жоспарладыңыздар? Анаңызды еске алуға байланысты отбасылық дәстүрлеріңіз немесе әдет-ғұрыптарыңыз бар ма?

– Иә, Алматы қаласында анамыз Мәрзия Тұрлыханова атындағы орта мектеп бар. Сол мектептің негізін қалаған да анамыз болатын. Өткен жолы сол мектепте кезінде анамызбен қызметтес болған, көзін көрген әріптестерін түгел жинап еске алу кешін өткіздік. Сосын анамыз туралы ашық сабақ, басқа да танымдық кештер өткізіп жатырмыз. Абай облысы, Жарма өңіріндегі орта мектепте де анамның атындағы класс-кабинет бар. Онда да ашық сабақтар, анамның өмірі мен қызметіне арналған жиындар өтті. Жалпы, біздің әулетте ата-анамыздың туған күні, қайтқан күні ұмыт қалмайды. Отбасында қалыптасқан үрдіске сай, қарашаңыраққа жиналған Тұрлыхановтардың ұл-қыздары, келін-күйеу балалары, немерешөберелері естелікке толы жиын өткіземіз.

Адал еңбегімен
биікке шықты

– Мәрзия апайдың педагогикалық қызметі мен отбасындағы бала тәрбиесіне қатысты жетістіктері көп. Ол кісіден үйренген қандай өнегені маңызды деп санайсыз? Ата-анаңыздың көзін көргендермен байланысып тұрасыз ба?

– Анамның жетістіктері туралы әріптестері, шәкірттері ылғи да жақсы естеліктер



айтып жатады. Ол тек білім беру жүйесінде емес, қоғамдық өмірде де белсенді болды. Әйелдер кеңесі, тәрбие мен руханият бағытындағы бастамалар, әлеуметтік жобаларға қатысып, қай істі болса да жүреппен атқаратын. Әкеміздің көңілін тауып, он баланы өсіру оңай шаруа емес, ол екінің бірінің қолынан келмейді. Сондықтан да анамыздың тәрбие, білім беру саласындағы еңбегі өте үлкен.

Осы күнге дейін анамыз туралы тек қана жақсы сөздер естиміз, ешқандай жаман сөз естіп көрген жоқпыз. Әрине, анаммен бірге еңбек еткен әріптестері, жора-жолдастары, құрдастары бар. Бірақ мен ол кісілерді көргенде көңілім босап, көзіме жас алып, мұңайып қаламын. Әттең-айы, ол кісілердің де қатары сиреп, саны күннен-күнге азайып барады.

Абзал анамыз өмірден абыройлы болып өтті. Бізге тәлім-тәрбие беріп, бүкіл күш-жігерін аямаған анамызға барлығымыз дән ризамыз. Қазақта «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген сөз бар ғой. Кей кісінің аты тірісінде-ақ аңызға айналып, ел жадында жарқын бейнесімен қалып қояды екен. Менің анам да адал еңбегімен биікке шықты. «Бір адамның ғұмырында осынша із қалдыру мүмкін екенін көріп, қайран қалдық. Оның өмір жолы қазіргі ұрпақ үшін сабырлықтың, ар-намыстың, шынайы қайраткерліктің көрінісі. Қоғам мұндай адамдармен өміршең. Заман дәл осындай жандармен құнды. Ұрпақ осындай тұлғаларға қарап өседі», – деп айтқан пікірлері менің де жадымда мәңгілікке сақталып қалды. Анам үнемі парасатты, пайымды сөздерін бізге үлгі етіп айтып отырушы еді.

Ол кісінің «Адам мына өмірде өзіне атақ емес, артында із қалдыруға тырысуы керек. Сол із ғана сені танытатын нағыз шындық» деген сөзі жадымда қалды. Қай бала өз анасы туралы жаман сөз айтады? Менің

жадымда анам туралы тек жақсы естеліктер ғана қалды.

Бізді қатаң тәртіп пен
жауапкершілікке баулыды

– Анаңызға деген сағынышыңызды қалай жеңесіз?

– Ата-анамыз Алматы қаласындағы Кеңсай зиратында жерленді. Алматыға жо-лым түскенде міндетті түрде зиратқа соғып, бастарына барамын. Әкем мен анама Құран бағыштап, біраз отырып қайтамын. Олардың рухымен тілдесіп, «Осы мен ата-анамның алдындағы перзенттік борышымды өтей алдым ба, жоқ па?» деп көп ойланамын. Ата-анамыздың біз үшін жасаған жақсылығы ұшан-теңіз. Олар бізді қатаң тәртіп пен жауапкершілікке, еңбекке бау-лып, тәрбиеледі. Содан біз жаман болдық па? Біз де бала болдық, жас болдық.

Сол кезде барлығы да мәңгілік деп ойла-дық. Өмір өте келе, ешкім де, ештеңе де мәңгілік емес екенін түсіне бастадық. Кеше ғана жанымызда жүрген әкеміз де, анамыз да кетті. Отбасымызда ағам, інім де өмірден өтті. Біз оларды үнемі қимай еске алып отырамыз.

– «Алматы ақшамы» газетінің оқырмандарына қандай тілек айтар едіңіз?

– Қолым қалт етсе, мерзімді баспасөзді оқуға тырысамын. Ұлттық басылымдар арасында қашан да «Алматы ақшамының» шоқтығы биік. Ұжымға шығармашылық табыс тілеймін, ойлы оқырмандарыңыз көп болсын!

Сұхбаттасқан
Рая ЕСКЕНДІР.





● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

БАЛАЛАР ҮЙІ КӨШІРІЛМЕЙДІ

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың барлық заңды құқығы толық сақталады

Алматының төріндегі «Бағанашыл» ықшамауданында орналасқан балалар үйі төңірегінде шыққан дауға нүкте қойылды. Қоғамда үлкен резонанс тудырған мәселеге Мемлекет басшысы араласып, тәрбиеленушілер әділ шешімге қол жеткізді. Жағдай Президент Әкімшілігінің бақылауына алынды.

Сонымен, Президент тапсырмасына сәйкес, Алматыдағы №1 балалар үйі қала сыртына көшірілмейтін болды. Ақорданың Баспасөз қызметі таратқан ресми хабарламада: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдыға балалардың оңтүстік астанада оқуын жалғастыру үшін балалар үйіне жөндеу жұмыстарын жүргізуді және оны қаланың балансына қабылдауды тапсырды. Балалар үйі көшірілмейді. Президент Әкімшілігі аталған жағдай бойынша қызметтік тексеріс жүргізеді. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың барлық заңды құқығы толық сақталады», – делінген.

Осылайша «Бағанашыл» балалар үйінің тәрбиеленушілерін көшіру мәселесі туралы даулы мәселе шешімін тапты. Мемлекет басшысының тікелей араласуымен балалар мекемесі Алматыда қалдырылды. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың заң шеңберіндегі барлық құқығы толық сақталады. «Бағанашыл» балалар үйінің тәрбиеленушілері өз Орталығы аумағында тұрып, Алматы қаласында білім алуын жалғастырады.

Қазіргі таңда Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдіктері нысанды қаланың



қарамағына беру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Тәрбиеленушілерге заманауи әрі қауіпсіз жағдай жасау мақсатында балалар үйінің ғимаратына кешенді қайта жаңғырту жұмыстары жоспарланып отыр. Айта кетерлігі, бұл жұмыстар техникалық зерттеу, жобалау-сметалық құжаттама дайындау, мемлекеттік сараптама жүргізу арқылы тиісті конкурстық рәсімдерден өткеннен кейін ғана келесі жылы басталады. Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары кезінде балаларды уақытша орналастыру мәселесі қауіпсіздік талаптары мен қажетті тұрмыс жағдайын ескеріле отырып шешіледі. Балалар бірінен-бірі бөлінбейді. Тәрбиеленушілер Алматы қаласындағы қазір өздері оқып жүрген мектепте білім алуын жалғастырады. Балалар үйінің ғимаратынан балаларды Қонаев қаласына көшіру мәселесі қарастырылып жатқан жоқ. Балалардың қауіпсіздігі мен жайлы өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету Алматы қаласы әкімдігінің және Оқу-ағарту министрлігінің басты назарында. Балалардың оқуы мен тұрмыс жайы әрдайым жіті бақылауда болады.

● ҰЛТТЫҚ ЖОБА

«АЛҒАБАСТА» ЕКІ МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Алматыдағы «Алғабас» шағынауданында екі мектеп салынатын болды.

Осынау игілікті мақсат үшін «Алматы» ӘКК АҚ-ның еншілес ұйымы «Almaty Finance» ЖШС «NP Almaty» ЖШС-ға «Алғабас» шағынауданында 2000 және 1200 орынды екі жалпы білім беретін мектеп салу үшін 5 млрд. теңге бөлді. Жаңа білім шаңырағын қаржыландыру мәселесі Қазақстандағы оқушы орындарының тапшылығын және үш ауысымды оқытуды жоюға бағытталған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы шеңберінде жүргізілуде.

Сондай-ақ, қалалық әкімдік жанындағы жобалық кеңсенің қолдауымен іске асырылып жатқан «Almaty Business–2025» өңірлік кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын болады. Бұл тұрғыда қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 10% (ЖТСМ), қаржыландыру мерзімі – 1 жыл.

«NP Almaty» ЖШС мектептерді бірыңғай сәулеттік және білім беру стандартына сай,

жайлы, инклюзивті және қауіпсіз орта қалыптастыра отырып салуды жоспарлап отыр. Жаңадан бой көтеретін мектептер STEM-зертханаларымен, робототехника, физика, химия, биология кабинеттерімен, интеллектуммен, компьютерлік сыныптармен, акт залымен, медиатекамен, коворкингпен, шеберханалармен, сондай-ақ ашық ойын және спорт алаңдарымен жабдықталады.

Сонымен қатар, мектептер жас ерекшелігіне қарай бастауыш, негізгі және орта блоктарға бөлініп, әрқайсысында жеке асхана мен спорт залы қарастырылатын болады. Ғимараттарда бейнебақылау, дабыл жүйесі және қауіп төнген жағдайда есіктерді автоматты түрде бұғаттайтын жүйе орнатылады. Сәтін салса, жаңа мектептер алдағы 2026 жылдың қаңтарында ашылмақ.

– Жоба қарқынды дамып келе жатқан Алатау ауданында мектеп орындарының жетіспеушілігін шешуге, балаларды жайлы әрі заманауи оқу орындарымен қамтамасыз етуге, сондай-ақ 270-тен астам тұрақты жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді», – дейді «Almaty Finance» ЖШС басқарма төрағасы Берік Құсайынов.



● АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР

Халықаралық экономика олимпиадасында үздік нәтиже көрсетті



Баку қаласында (Әзербайжан) экономика, қаржы және кәсіпкерлік саласы бойынша мектеп оқушылары арасында әлемдік «International Economics Olympiad» (IEO) зияткерлік сайысы өтті

Биыл олимпиадаға 55 елден 280-ге жуық оқушы қатысты. Қазақстан құрамасы үздік нәтижемен әлемнің ең мықты командаларының қатарына еніп, бизнес-кейс бойынша командалық кезеңде АҚШ, Жапония, Ұлыбританиядан келген қатарластарын басып озды. Қазақстан командасының құрамында Алматы қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы мектептің 11-сынып оқушысы Томирис Оспанова да өнер көрсетті.

Олимпиада аясында қатысушылар жеке және командалық турларда күрделі аналитикалық тапсырмаларды орындап,

іскерлік ойындарға қатысты. Сонымен қатар, қаржылық жоспарлау мен экономикалық модельдеу саласындағы білімдерін көрсетті.

Жалпы, Қазақстан командасы бұл беделді жарысқа 2018 жылдан бері қатысып келеді. Осынау уақыт ішінде ұлттық құрама 2 алтын, 5 күміс және 17 қола медаль жеңіп алды. Қазақстандық оқушылар бұл жолы да өздерінің үздік білімдерін көрсетіп, еліміздің абыройын қорғады.

Астана қаласындағы НЗМ-нің 11-сынып оқушысы Даниал Арыстан «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Командаға «Paradigm Shift» ЖШС-нің қаржы директоры Руслан Мулдашев пен «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы директорының орынбасары Айгүл Қарқұлова жетекшілік етті.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



ОЙТУРТКИ

Қазіргі кезде елімізде мемлекеттік тілді тұтынушы азаматтардың белсенділігі күн санап артып келеді. Осыған дейін мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік тілде іс жүргізуін және қызмет көрсетуін талап етіп келген тіл белсенділері тарапынан соңғы жылдары кәсіпкерлік саланың мемлекеттік тілді қолдануына қоғамдық бақылау күшейді.

Олар халыққа түрлі қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру секілді кәсіпкерлік объектілерде деректемелер мен көрнекі ақпаратты мемлекеттік тілде орналастыруды және тұтынушыларға қазақ тілінде қызмет көрсетуді талап етіп, тиісті мемлекеттік органдарға жиі жүгінеді.

Осыған орай, біз Алматы қаласы әкімі аппаратының тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің бас инспекторы Ардақ НҰРҒАЗЫҒА жолыққан едік.



Ардақ НҰРҒАЗЫ:

МАҚСАТ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ДЕГЕН ҚАЖЕТТІЛІК ПЕН ҚҰРМЕТТІ ОЯТУ

ТҰТЫНУШЫ ТАЛАБЫ ЕСКЕРІЛУГЕ ТИІС

– Ардақ Әділғазықызы, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы еліміздің тіл саясатын реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық актілердің бірі. Бұл Заң мемлекеттік тілдің – қазақ тілінің мәртебесін нығайтып, оның қолданылу аясын кеңейту, сондай-ақ еліміздегі барлық азаматтардың тілдік құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында қабылданғанғаны белгілі. Алайда, кәсіпкерлік объектілерде тіл туралы заңнамасы талаптарының орындалмауы байқалады. Бұл неліктен?

– Мұндай заңбұзушылықтың орын алуында бірнеше мәселе бар. Ең өзектісі – кәсіпкерлердің тіл туралы заңнама талаптарынан хабарсыз болуы. Жүргізілген мониторинг және ақпараттық-түсіндіру жұмыстары барысында көптеген кәсіпкерлердің, әсіресе, шағын және орта бизнес өкілдерінің әлі күнге «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша деректемелер мен көрнекі ақпаратқа қойылатын негізгі талаптармен толық таныс еместігі анықталды. Қалада мемлекеттік тілдегі нұсқасы жоқ, тек орыс тілінде немесе шет тілдерінде орналастырылған маңдайша жазулар, деректемелер мен көрнекі ақпарат көптеп кездесіп жатуы да сондықтан. Екінші мәселе – мемлекеттік тілдегі көрнекі ақпарат мәтіндерінің қате, кейде өлшемсіз кіші, бояуы солғын, көмескі көрінетін қаріптермен жазылуы, өзге тілдегі нұсқаларынан кейін немесе төмен екінші қатарға орналасуы.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» За-

ңының 21-бабы мемлекеттік тілдің қолданылуын міндеттеумен қатар, қазақ тіліндегі мәтіннің орналасу тәртібіне де нақты талаптар қояды. Яғни мемлекеттік тілде жазылған мәтін бірінші кезекте және көзге анық көрінетіндей етіп орналастырылуы тиіс. Бұл талаптар мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге бағытталған, ал осы бағыттағы орын алған заңбұзушылықтар әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін. Бұған қоса, көрнекі ақпарат мәтіндерінің өзге тілден сәтсіз, мағынасыз аударылуы мен кәсіпкерлік нысан өкілдерінің өз қызметін тұтынушы азаматтарға мемлекеттік тілде көрсете алмауы, яғни қазақ тілін тіпті қарапайым деңгейде меңгермеуі дер едім.

Өзіңіз де байқап жүрген боларсыз, мемлекеттік тілдің қолданылуындағы осы аталған төрт мәселе кәсіпкерлік қызметтің барлық саласында, соның ішінде жалпыға ортақ қоғамдық тамақтану орындарында да жиі ұшырасып жатады. Қазақ тілін қолдану – заңнамамен бекітілген талап әрі ортақ жауапкершілік. Оның үстіне қоғамдық тамақтандыру саласы – халықпен тығыз қарым-қатынаста болып, күнделікті тұрмыста көпшілікке кеңінен қызмет көрсететін маңызды сала.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы тіл туралы заңнамасының талаптарын орындау – тұтынушылардың құқығын сақтаудың және мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз етудің бірден-бір көрінісі болуы керек. Сондықтан әкімшілік тарапынан қоғамдық тамақтандыру нысандарында тіл туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар тарапынан жүйелі түрде түсіндіру және мониторинг жұмыстары жүргізіліп тұрады. Бұл жұмыстардың басты мақсаты – кәсіпкерлер мен қызмет көрсету саласындағы мамандарға заң та-

лаптарын түсіндіру, тіл мәселесіне қатысты құқықтық сауаттылықты арттыру, олардың бойында мемлекеттік тілге деген құрметті қалыптастыру.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МӘДЕНИЕТІН САҚТАУДЫҢ КЕПІЛІ

– Осы мақсатта қандай іс-шаралар қолға алынады?

– Жыл басынан бері Алматы қаласының барлық аудандарындағы 250-ден аса кәсіпкерлік нысанның өкілдері ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен қамтылды. Сонымен қатар, тіл туралы заңнама талаптарын студенттер арасында да түсіндіру мақсатында Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті мен С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде жүргіздік. Аталған іс-шараларда Алматы қаласы әкімі аппараты тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің қызметкерлерімен бірге Қазақстан Республикасы Рестораторлар клубы қауымдастығының өкілі Гүлнар Нұрқанатқызы да қатысты.

Қоғамдық тамақтандыру орындарында мемлекеттік тілде ақпарат ұсыну бойынша қойылатын негізгі талаптар бар. Олар ас мәзірлерінің, баға көрсеткіштерінің, түбіртектердің және тағы басқа көрнекі ақпараттардың мемлекеттік тілде ресімделуі, сондай-ақ тұтынушыларға мемлекеттік тілде қызмет көрсету. Егер көрнекі ақпарат бірнеше тілде ұсынылатын болса, онда мемлекеттік тілдегі мәтіннің мазмұны толық әрі мағыналық жағынан басқа тілдегі нұсқалардан кем болмауы керек.

Қоғамдық тамақтану орындарының атауы, маңдайша жазулары, түрлі нұсқаулық белгілері мен ескерту тақтайшалары және өзге де деректемелері мен көрнекі

ақпараттары міндетті түрде мемлекеттік тілде болуы тиіс, яғни басқа тілдегісі міндетті емес. Ал қоғамдық тамақтану орындары өздеріне жиі келетін тұтынушыларының қолданатын тілдерін ескеріп, қазақ тілімен қатар қосымша басқа тілдерде де ақпарат ұсынып, қызмет көрсеткісі келсе оған да заңмен рұқсат берілген. Осындай көпшілікке арналған тамақтану орындарында жұмыс істейтін қызметкерлердің мемлекеттік тілде еркін қызмет көрсете алуы тұтынушылардың құқығын қорғаудың және тіл туралы заңнаманы, қала берді, қызмет көрсету мәдениетін сақтаудың кепілі.

«БЕШБАРМАҚ» – ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛ СӨЗІ ЕМЕС, ОНЫҢ ТАРИХИ- МӘДЕНИ НЕГІЗІ ЖОҚ

– Қоғамдық тамақтану орындарында жиі кездесетін негізгі заңбұзушылық бұл қазақша мәзірдің мүлде болмауына байланысты болып жатады. Сонымен қатар, ас мәзірінің қазақша нұсқасын жасау кезінде тағам атауларының орыс немесе ағылшын тілінен тікелей, мағынасыз, өте сапалықсыз аударылуы, қазақтың ұлттық тағамдарының дұрыс аталмауы тұтынушылардың наразылығын тудырып, келеңсіз жағдайлардың орын алуына әкеліп жатады. Осы тұрғыда қандай бағдарларды қолға алдыңыздар?

– Дұрыс айтасыз. Ұлттық тағамды ұлттық атауымен атаған жөн. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтергіміз келсе, оның ең ұсақ элементтеріне дейін – атауларға, сөздерге, ұғымдарға дейін жауапкершілікпен қарауымыз керек. Мысалы, төлем қабілеті жоғары қалталы қонақтар, шетелдік меймандар келетін қымбат мейрамханалардың өзінің ас мәзірлерінде қазақтың ұлттық тағамы әлі күнге дейін «бешбармақ» деген атаумен беріліп жүр. Біле-білгенге «Бешбармақ» атауы қазақтың төл сөзі емес, әрі оның тарихи-мәдени негізі жоқ. Бұл атау кезінде Кеңес Одағы тұсында, тіпті мүмкін оған дейін, қазақтың ет тағамын орыс тілінде сипаттап, жеңіл айту үшін қолданылған бейнелі атау ретінде көпшілікке тараса керек.

Жалпы, қазақта тағамды саусақпен жеуді сипаттап, соған қарай тағамға атау беру үрдісі болған емес. Яғни «бешбармақ» немесе «беш» қазақ мәдениетіне жат, сырттан таңылған атау. Қазақта «ет асу», «ет тарту» немесе «ет табақ» деген тіркестер бар, бірақ «бешбармақ жасау» немесе «бешбармақ жеу» деген ұғым болған емес. «Бешбармақ» атауы эстетикалық, мәдени мәні төмен, тілдік нормаларға сай емес, қазақ тілінің сөзжасам заңдылығына сәйкес келмейтін, ұлттық ұғымнан бөтен, жасанды құрылымдағы сөз. Сондықтан да ақпараттық-түсіндіру жұмыстары кезінде «бешбармақ» сөзін қолдану дұрыс емес екендігі, оны қазақтың ұлттық тағамы немесе ет тағамы деп атау – тілді, салт-дәстүрді құрметтеудің көрінісі екендігі кәсіпкерлік субъекті өкілдеріне баса айтып, түсіндірдік. Қоғамдық тамақтану саласындағы әрбір нысан – мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтетін, мәртебесін асырып, беделін арттыратын бірден-бір алаң.

Сондықтан да барлық Қоғамдық тамақтану саласындағы кәсіп иелерін, осы саланың қызметкерлерін тіл туралы заңнама талаптарын сақтауға, өз қызметінде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз етуге шақырамыз. Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің негізі, ұлттың айнасы. Біздің мақсат – тілді мәжбүрлеп енгізу емес, тілге деген қажеттілік пен құрметті ояту. Тек осылай ғана біз мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдегі беделін арттыра аламыз.

Сұхбаттасқан
Рая
ЕСКЕНДІР.





ФУТБОЛ

Алматыда УЕФА Чемпиондар Лигасының екінші іріктеу кезеңі аясында «Қайрат» пен «КупС» арасында қарымта кездесу өтті.

Өткен маусымда Қазақстан чемпионы атанған алматылық «Қайрат» клубы футбол әлеміндегі ең беделді жарыстардың бірі – УЕФА Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңіне қатысуға жолдама алды. Еуропаның үздік командаларымен сайысуға мүмкіндік беретін турнирге қатысу үшін алғашқы кезеңде «Қайрат» Словенияның «Олимпия» командасын (1:1, 2:0) жеңді.

Ал екінші сатыда «КупС» командасымен жолықты. Финляндия жерінде өткен матч алаң қожайындарының пайдасына 2:0 есебімен шешілген еді. Жарыстың келесі кезеңіне өту үшін алматылық командаға 3 доп айырмасымен жеңіске жету керек болды. Солтүстік Еуропаның әккі ұжымына қарсы мұндай нәтижеге жету қиын болғанымен, қазақ жанкүйерлері үміт үзген жоқ. Оған Орталық стадиондағы 20 мыңнан астам орынға билеттердің толықтай сатылып кетуі дәлел.

Матч күні Алматыда нағыз футбол мерекесі сезілді. Қала бір сәтке күнделікті күйбелеңнен ажырап, футболмен тыныс алды. Стадион айналасында әртүрлі ойын-сауық бағдарламаларынан, сары-қара футболка киіп, осы түстерде ту

«ҚАЙРАТ» КАМБЭК ЖАСАДЫ

Алматыда нағыз футбол мерекесі өтті



(Сурет: «Қайрат» ФК.)

көтерген адамдардың дауыстарынан ерекше ахуал орнады. Ойын басталғанға дейін-ақ жергілікті команданы жанкүйерлері жеңіске шақырып, қолдау білдірді. «Қайрат» ойыншыларды жиналған қауымның көңілін қалдырған жоқ. Алғашқы минуттардан белсенді шабуылға көшті. Бірден қарқынды басталған ойынға «КупС» футболшылары дайын көрінгенімен, олардың қорғанысы алғашқы 10 минутта сыр берді. 9-минутта Қазақстан футболының жас жұлдызы **Дастан Сәтбаев** бұрыштамадан кейін алыстан соққы жасап, есепті ашты.

Жылдам соғылған гол алаң қожайындарына серпін беріп, 29-минутта Жоржиньо, 43-минутта Валерий Громыко есепті 3:0-ге жеткізді. Ал финляндиялықтар бірінші таймда Заруцкий қақпасына бірде-бір соққы жасай алмады.

Екі ойын нәтижесі бойынша алға шыққан алматылықтар кездесудің екінші жартысында көбірек қорғанысқа мән берді. Екі тарап та бірнеше өткір шабуыл жасағанымен, есеп өзгермеді. Осылайша, «Қайрат» жеңіске жетіп, УЕФА Чемпиондар лигасына іріктеудің үшінші кезеңіне өтті. Енді қазақстандық команда Словакияның 23 дүркін чемпионы «Слован» клубымен бақ сынасады. Алғашқы матч 6 тамыз күні Алматыда, қарымта ойын 12 тамыз күні Братислава қаласында өтеді.

УНИВЕРСИАДА

1 АЛТЫН, 10 ҚОЛА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТШЫЛАР

Универсиаданы 11 медальмен аяқтады

Германияда өткен XXXII Дүниежүзілік жазғы студенттік додада біздің спортшылар 1 алтын, 10 қола медальға қол жеткізіп, жалпы командалық есепте 37-орынға жайғасты.



(Сурет: Olympic.kz)

Байрақты бәсекеде Қазақстан қоржынына алғашқы және жалғыз алтынды Самирхон Абабакиров салды. Ол таеквондодан 63 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде чемпион атанды. Одан бөлек, Тамирлан Тілеулес (таеквондо), Батырхан Төлеуғали (таеквондо), Нодира Ахмедова (таеквондо), Бейбарыс Қаблан (таеквондо), Нұрқанат Серікбаев (дзюдо), Аман Бақытжан (дзюдо) жеке сында қола жүлде жеңіп алды. Сонымен қатар, таеквондодан Қазақстан аралас құрамасы және Қазақстан әйелдер құрамасы жарыста үшінші сатыдан көрінді.

– Универсиада алдында оқу-жаттығу жиыны Алматы облысында өтті. Онда спортшылармен жеке бапкерлерімен келді. Алдын ала жоспарымыз бойынша кемінде үш медальға қол жеткізуді мақсат

еттік. Шәкірттерім намысқа тырысты. Қоржынымызға жеті медаль түсті. Жақында Астанада халықаралық жарыс өтеді. Оған жиырмадан астам мемлекеттен спортшылар келеді.

Бұл жарыста да жоғары деңгейде шеберлік көрсетеміз деген ойдамын. Ал тамыз айының соңына қарай Оңтүстік Кореяда екінші Гран-при чөлөнджі бар. Оған да қатысып қайтуды жоспарлап отырмыз. Қазан айында жылдың басты бәсекесі – әлем чемпионаты өтеді, – деді таеквондодан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Есбол Сұлтанов.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ



(Сурет: Қазақстан үстел теннисі федерациясы)

КІЛ МЫҚТЫЛАР ЖИНАЛДЫ

Алматыда үстел теннисі-Анен халықаралық WTT Youth Contender турнирі өтті.

Азия, Африка, Америка, Еуропадан 235 спортшы қатысқан жарыста жас қазақстандық спортшылар екі күміс және бес қола медаль жеңіп алды. Атап айтқанда, Алан Құрманғалиев (жаттықтырушысы Эльмира Алиева) және Злата Стадник (жаттықтырушысы Татьяна Ким) өз жас санатында екінші болды. 3-орын Қарақат Мейірхан, Аделя Әлжанова, Жания Бекмұхамбетова,

Арайлым Сапабек және Нұрдәулет Азаматұлына бұйырды.

Испаниядан келген жарыстың бас төрешісі Рамон Ортега Монтес, сондай-ақ өзге де шетелдік төрешілер мен теннисшілер Алматыда ұйымдастырылған WTT Youth Contender турнирінің жоғары деңгейде өткенін атап өтті.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 30 шілдедегі
№3/470-1105 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 24.01-24.07/435-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдалану нысаны (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) үшін, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жандосов көшесінің солтүстігінде, Вахтангов көшесінің шығысында орналасқан 34 (отыз төрт) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Д.САТЫБАЛДЫ
------------------------	-------------

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 30 шілдедегі
№3/470-1105 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Укубаев Айдынқол Кенесович	20-313-033-170	Вахтангов көшесі, 1 үй, 1 пәтер	жалпы - 0,0718 үлесі – 0,0261
2	Ахметов Анарбай Махамбетович	20-313-033-170	Вахтангов көшесі, 1 үй, 2 пәтер	жалпы - 0,0718 үлесі – 0,0179
3	Ахметов Еркін Муратович	20-313-033-170	Вахтангов көшесі, 1 үй, 3 пәтер	жалпы - 0,0718 үлесі – 0,0278
4	Оспанова Ильнура Нигматовна, Оспанов Омир-бейбіт Дүйсенович	20-313-033-328	Вахтангов көшесі, 3 үй, 1 пәтер	жалпы - 0,1284 үлесі – 0,0233
5	Комиссаров Евгений Викторович, Комиссаров Александр Викторович	20-313-033-328	Вахтангов көшесі, 3 үй, 2 пәтер	жалпы - 0,1284 үлесі – 0,0160 үлесі - 0,0321
6	Күнапин Ербол Абуталибович, Казиева Галия Эльдаровна	20-313-033-328	Вахтангов көшесі, 3 үй, 3 пәтер	жалпы - 0,1284 үлесі – 0,0570
7	Күзембаева Адиша Каиповна	20-313-033-353	Вахтангов тар көшесі, 2 А үй	0,1123
8	Күнапин Ербол Абуталибович, Казиева Галия Эльдаровн	20-313-033-182	Вахтангов көшесі, 3 А үй, 1 пәтер	жалпы - 0,0956 үлесі – 0,0191

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 30 шілдедегі
№3/470-1106 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 22 шілдедегі № 47.1-47.08/1082-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдалану нысаны (стадион) үшін Алматы қаласы, Медеу ауданы, Құлжа тас жолының оңтүстігінде орналасқан 2 (екі) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Д.САТЫБАЛДЫ
------------------------	-------------

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 30 шілдедегі
№3/470-1106 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«Астана Мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-028	Құлжа тас жолы, 60	0,8895 га
2	«Астана Мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-029	Құлжа тас жолы, 60/1	0,1105 га

9	Танатаров Мурат Шардаулетович, Рахметова Жайнагуль Сиражевна	20-313-033-182	Вахтангов тар көшесі, 3 А үй, 2 пәтер	жалпы - 0,0956 үлесі – 0,0255
10	Рахметова Жайнагуль Сиражевна, Танатаров Мурат Шардаулетович	20-313-033-182	Вахтангов көшесі, 3 А үй, 3 пәтер	жалпы - 0,0956 үлесі – 0,0306
11	Лоханкин Юрий Юрьевич	20-313-033-182	Вахтангов көшесі, 3 А үй, 2А пәтер	жалпы - 0,0956 үлесі – 0,0191
12	Сүлейманов Нургиса Усенович	20-313-033-295	Вахтангов көшесі, 5 үй, 1 пәтер	жалпы - 0,0909 үлесі – 0,0153
13	Кадничанский Александр Владимирович	20-313-033-295	Вахтангов көшесі, 5 үй, 2 пәтер	жалпы - 0,0909 үлесі – 0,0240
14	Некрасова Людмила Федоровна	20-313-033-295	Вахтангов көшесі, 5 үй, 3 пәтер	жалпы - 0,0909 үлесі – 0,0240
15	Избасаров Есен Бегалиевич	20-313-033-295	Вахтангов көшесі, 5 үй, 4 пәтер	жалпы - 0,0909 үлесі – 0,0276
16	Джумағалиева Алма Мусаевна, Джумағалиев Муса Гайнуллович, Смагулова Мариям Мусаевна	20-313-033-319	Вахтангов көшесі, 7 үй, 1 пәтер	жалпы - 0,0833 үлесі – 0,0077 үлесі – 0,0056 үлесі – 0,0045
17	Шакирзянов Евгений Васильевич, Федорова Анна Петровна, Ключева Наталья Юрьевна	20-313-033-319	Вахтангов көшесі, 7 үй, 2 пәтер	жалпы - 0,0833 үлесі – 0,0355
18	Оралова Алмакул Уалихановна, Оралов Акберген Ботбаевич	20-313-033-319	Вахтангов көшесі, 7 үй, 3 пәтер	жалпы - 0,0833 үлесі – 0,0355
19	Анюшина Мария Ивановна	20-313-033-124	Вахтангов көшесі, 9 үй, 1 пәтер	жалпы - 0,0849 үлесі – 0,0194
20	Харитонов Анатолий Васильевич, Вдовин Сергей Степанович, Михолап Елена Сергеевна	20-313-033-124	Вахтангов көшесі, 9 үй, 2 пәтер	жалпы - 0,0849 үлесі – 0,0264
21	Жумагулова Эльмира Куанышкереевна, Жумагулов Биржан Бекмухамбетович	20-313-033-124	Вахтангов көшесі, 9 үй, 3 пәтер	жалпы - 0,0849 үлесі – 0,0098
22	Репетунов Андрей Васильевич	20-313-033-124	Вахтангов көшесі, 9 А үй	жалпы - 0,0849 үлесі – 0,0293
23	Ушурбакиев Азиз Курванжанович, Каирова Асель Ахатканқызы	20-313-033-023	Вахтангов көшесі, 11 А үй, 1 пәтер	жалпы - 0,0987 үлесі - 0,0222
24	Тойбеков Турган-али Боромбаевич	20-313-033-023	Вахтангов көшесі, 11 А үй, 2 пәтер	жалпы - 0,0987 үлесі - 0,0222
25	Астанин Владимир Фёдорович	20-313-033-023	Вахтангов көшесі, 11 А үй, 3 пәтер	жалпы - 0,0987 үлесі - 0,0320
26	Оқасова Айдана Бақталықызы, Оқасова Назым Бақытәліқызы, Оразымбетова Бақытгүл Джұнысбайқызы, Жексенбаев Бакталы Окасович	20-313-033-023	Вахтангов көшесі, 11 А үй, 4 пәтер	жалпы - 0,0987 үлесі - 0,0223
27	Син Ирина Захаровна	20-313-033-030	Вахтангов тар көшесі, 4 А үй, 1 пәтер	жалпы - 0,0970 үлесі - 0,0238
28	Исаев Марат, Идрисова Алтынай	20-313-033-030	Вахтангов тар көшесі, 4 А үй, 2 пәтер	жалпы - 0,0970 үлесі - 0,0150
29	Павлова Лариса Владимировна	20-313-033-030	Вахтангов тар көшесі, 4 А үй, 3 пәтер	жалпы - 0,0970 үлесі - 0,0123
30	Резникова Раиса Ивановна, Резников Иван Викторович	20-313-033-030	Вахтангов тар көшесі, 4 А үй, 4 пәтер	жалпы - 0,0970 үлесі - 0,0303
31	Мартынов Андрей Николаевич	20-313-033-094	Вахтангов тар көшесі, 4 үй, 1 пәтер	жалпы - 0,0909 үлесі - 0,0310
32	Попов Василий Дмитриевич	20-313-033-094	Вахтангов тар көшесі, 4 үй, 2 пәтер	жалпы - 0,0909 үлесі - 0,0104
33	Бретц Екатерина Владимировна	20-313-033-094	Вахтангов тар көшесі, 4 үй, 3 пәтер	жалпы - 0,0909 үлесі - 0,0135
34	Казмерюк Наталья Николаевна, Казмерюк Владимир Викторович, Казмерюк Анастасия Викторовна	20-313-033-094	Вахтангов тар көшесі, 4 үй, 4 пәтер	жалпы - 0,0909 үлесі - 0,0360

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры:

ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ – 500 ГРАНТ

2025–2026 оқу жылында «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры «Қазақстан халқына» ҚҚ Білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасы аясында талапкерлерге жоғары оқу орындарында оқуға 500 білім беру грантын бөлді.

Бұл туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі хабарлады. Бағдарлама шарты негізінде білім беру грантына мынадай санаттағы талапкерлер үміткер бола алады: ауылдық жерлердегі, шағын және моноқалалардағы аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар; жетім балалар немесе көмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар; мүгедектігі бар азаматтар; мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар; 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары; 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде жарақат алған балалар. Бағдарламаға қатысудың шекті жасы толық 29 жасты құрайды.

Білім беру гранты бір реттік тәртіппен атаулы грант негізінде ұсынылады. Бұл грант жоғары білімі бар тұлғаларға, сондай-ақ республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен «бакалавр» дәрежесін алу үшін мемлекеттік білім беру гранты тағайындалған тұлғаларға екінші жоғары білім алуға және онлайн-оқуға берілмейді.

Грант тағайындалатын үміткерлердің тізімін ЖЖОКБҰ/Филиал ағымдағы күнтізбелік жылы ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша оқуға түсу үшін қажетті шекті балын жинаған (оның ішінде шығармашылық емтихандарды ескере отырып) талапкерлер қатарынан құрайды. Тізім жоғары оқу орнының немесе Филиалдың конкурстық комиссиясы отырысының хаттамасы түрінде рәсімделеді.

ЖОО тізімі, грант саны және іске асыру жоспары бойынша толық мағлұматпен «Қазақстан халқына» ҚҚ ресми сайтынан (qazaqstanhalqyna.kz) танысуға болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

АЙНАЛАЙЫН!

Алматының іргесіндегі Іле ауданынан Атойдан қайттық. Мегаполиске қатынайтын 231-маршрутқа отырдық. Демалыс болғасын ба, үлкендер көп, бәрі қыдырып жүрген сыңайлы.

Нұржамал Әліш

Автобуста орын жоқ. Бір орын босап, отырдым. Бес-алты аялдамадан кейін тағы бір орын босап, 8-9 жасар бүлдіршіннің анасы «сең отыр, шаршаның ғой бағанадан» деп қызын қоймай отырғызды. Бетін күн қаққан сүйкімді қыз жан-жағына имене қарап алып, иығындағы рюкзакін шешіп, жайғасты.

Келесі аялдамадан елуден асқан ер адам мініп еді, әлгі балдырған орнынан тұруға ыңғайланып, үлкен кісіге ишара білдірді отырыңыз деп.

– Жо-жоқ, отыра бер, қызым, рахмет, – деді көзілдірікті кісі.

Қыз бала терезеге үңіліп кетті бір сәт. Байқап отырым, қозғалақтай берді, әлденеге мазасыз. Артына бұрылып, анасына бірдеңе деді сыбырлай. Шешесі басын изегендей болды.

Айналайын балапан тағы да орнынан тұра бастады, көзілдірікті кісіге қарап.

Шешесі:

– Үлкен кісі тұрып тұр деп, соған қысылып отыр қызым, – деді анасы.



(Сурет: автордікі).

– Жо-жоқ, балам, отыра бер, мен автобуста теріс қарап отыра алмаушы едім, басым айналады, сосын отырмай тұрмын, – деді жолаушы ер адам.

КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ

ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ТОҒЫСҚАН ЖИНАҚ



Алматыда қазақ жазушыларының қырғыз тіліне аударылған «Пандемия дүрбелеңі» және қырғыз жазушыларының қазақ тіліне аударылған «Күннің көзін көргім келеді» әңгімелер жинағының тұсауы кесілді.

Дана САДЫРҚАН

Қазақ-қырғыз әдеби байланыстарының жанданып, дамуына үлес қосқан бұл екі жинақтың егемендік алғаннан кейін алғаш рет шығып отырғанын баса айту керек. Жоба авторлары – ақын, аудармашы Саят Қамшыгер мен қырғыз ғалымы, аудармашы Қиялбек Ақматов.

Қазақ жазушыларының қырғыз тіліне аударылған «Пандемия дүрбелеңі» әңгімелер жинағына Нағашыбек Қапалбекұлы, Төкен Әлжантегі, Асылбек Ихсан, Жабал Ерғалиев, Қайым-Мұнар Табеев, Ділдар Мамырбаева, Сәуле Дос-



жан, Нұрлан Қами, Әбділдабек Салықбай, Тұрақ Адисұлы, Дәулетбек Байтұрсынұлы, Айгүл Кемелбаева, Серік Нұғыман, Нұрлыбек Саматұлы, Жәди Шәкенұлы, Мира Шүйіншәлиева, Гүлзат Шойбекова, Нұржан Қуантайұлы, Сәкен Сыбанбай, Ерболат Әбікенұлы,

Ұларбек Дәлейұлы, Жайнагүл Бекнияз, Есболат Айдабосын, Айгүл Жұбаныш, Әлібек Байбол, Абылайхан Есімбай, Нұрбек Нұржанұлы сынды 27 қаламгердің таңдаулы әңгімесі енді.

Қазақ жазушыларының әңгімелері қырғыз оқырмандарының көңілінен шығып, оқырман жүрегіне жол тапқаны қуантарлық жағдай. Өмір мен өлім, тағдыр, махаббат, күнделікті күйбең тірліктегі алуан оқиғаларды шебер суреттеген қазақ қаламгерлерінің ізденісі, шеберлігі туысқан халықтың да сыншыларынан, әдебиеттанушы-ғалымдарынан оң бағасын алуда.

Қырғыз жазушыларының қазақ тіліне аударылған «Күннің көзін көргім келеді» әңгімелер жинағына Зинагүл Пасанова, Әбділәмит Мәтисақов, Әбдікерім Мұратов, Сұлтан Раев, Қаныбек Иманалиев сияқты 24 қаламгердің таңдаулы әңгімесі енген.

Қырғыз прозасының қазіргі жай-күйін, дамуын оқырман осы әңгімелерден аңғарады. Жинақтағы әңгімелер өмірдің түрлі сәттерін, қилы тағдырларды арқау еткен. Туысқан қырғыз әдебиетіндегі мәселелер мен көтерген тақырыптар, оқиғалар қазаққа да жат емес. Екі халықтың да ортақ құндылықтары тоғысқан әңгімелерді оқырман жылы қабылдайды. Қырғыз тілінен тікелей аударылған әңгімелердің тілі жатық, оқуға жеңіл.

Айта кету керек, 25 шілдеде Бішкек қаласында болған екі кітаптың тұсаукесеріне 11 қазақ жазушысы арнайы барып, қатысып қайтты. Ал бұл жолы әңгімелері қазақ тіліне аударылған қырғыздың 10 жазушысы Алматыға арнайы келді.

Атасындай адамның тікесінен тік тұрғаны үшін өзін жайсыз сезінген қалақтай қыздың мейірбандығына сол жердегі біразымыз риза боп, бір-біріміз бен үнсіз көзбен тілдесіп кеттік. Бір жолаушы әйел «неткен тәрбие!» деп қалды бәрімізге естірте.

Білер аялдамадан соң менің жанымдағы орын босап, анасы жайғасты.

– Қызыңыз қаншасыншы сыныпты бітірді, алтын бала екен өзі?! – дедім риза кейіппен.

– Төртті бітірдік, – деді әйел. – Үйде ылғи айтып отырамыз, үлкен кісілер кіргенде ұшып тұру керек деп. Сол сөз құлағында ғой.

– Қай мектепте оқисыздар?

– Бұл жақтан емеспіз, Түркістаннан қыдырып келгенбіз, – деді анасы.

Әйбәт қызды қуантқым келді. Бірақ қалай?

Әлгінде ғана тойбастардан алған кішкентай сандықшам есіме түсе кетті. Іші толған кәмпит. Балаға соны ұсындым. Ішін ашып көрсеттім тәттілерді. Баламысың деген, қуанып кетті. Рахметін де ұмытпады.

Ана мен бала келесі аялдамадан түсті. Екінші автобусты отыратын секілді. Екеуіне терезеден қарадым. Әйел жымиып басын изеді маған. Қыз болса кішкентай сыйлыққа қуанып, жолға бір, қолындағы сандықшаға бір қарап, жадырап тұр.

Айналайын, көйлегі қарапайым болғанымен, көңілі бай бүлдіршіннің әрекетін бүгінде қоғамдық көлікке отыратын көп жастың жасай бермейтіні анық. Бізді кейде осындай иманды балдырғандар да тәрбиелейді. Адами құндылықтарды дәріптеуге бала да қауқарлы! Өмірде жолың болсын, жолаушы қыз!

ТӘРБИЕ

ЕШТЕҢЕ ДЕ КЕШ ЕМЕС

16 жасар жасөспірім рақымшылыққа ілікті

Жуырда 16 жасар Жансұлтан «Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау» туралы Заң аясында бостандыққа шықты.



Жансұлтанның ата-анасы ажырасып, ол інілерімен зағип әжесінің қолында қалады. Бала көңіл өзінің құрдас-тарын сияқты жақсы киініп, жақсы тамақ ішуді аңсайтын. Алайда, әжесінің зейнетақысы бір

үйлі жанға жетпейтін. Сөйтіп, әлі оң-солын танып үлгермеген 14 жасар Жансұлтан ұрлық жасап, Алматыдағы кәметке толмағандарды ұстауға арналған қауіпсіздігі орташа мекемесінен бір-ақ шыққан еді. Бас бостандығынан айырылған жасөспірім балалар колониясында жүріп мекеме ішіндегі орта мектепте оқыды. Сондай-ақ, түрлі тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқаны және жақсы мінез-құлқы үшін марапаттарға ие бола бастайды.

Сөйтіп, өзін түзеуге ұмтылған бозбала рақымшылыққа ілікті. Жасыратыны жоқ, істі болып, бас бостандығынан айырылған жасөспірімдер арасында өзін жақсы қырынан көрсететіндер аса көп емес.

1 жыл 3 айдан кейін рақымшылыққа іліккен Жансұлтанды №11 мекеме қызметкерлері заңда қарастырылғандай жолақысын төлеп, Маңғыстау облысындағы тұрғылықты жеріне өздері жеткізіп салуға алып кетті.

Бостандыққа шыққан бозбала темір торда жүріп еркіндіктің қадірін түсінгенін және болашақта дұрыс өмір сүретінін айтып, өзіне тәлімді тәрбие берген, жарқын өмірге жол сілтеген колония қызметкерлері мен ұстаздарына алғысын тебірене жеткізді.

Нұр ЖАМАЛ.